- D) баяндауыш
- E) пысықтауыш

5. «Отпен ойнамаңыз» сөйлемнің қандай түріне жатады?

- A) лепті
- B) хабарлы
- C) сұраулы
- D) бұйрықты
- E) толымды

6. «Қаулы» қандай іс қағазы?

- A) резюме
- B) иск
- C) протокол
- D) рапорт
- E) постановление



7. Құрмалас сөйлем байланысу тәсіліне қарай нешеге бөлінеді?

- A) 3
- B) 5
- C) 6
- D) 7
- E) 4

8. Баяндауышы тиянақсыз болып келсе, құрмаластың қай түріне жатады?

- A) аралас
- B) сабақтас
- C) салалас
- D) шылаусыз
- E) болымды

9. "Қашан, қайда" сұрағы қандай сөйлем мүшесіне жатады?

- A) толықтауыш
- B) пысықтауыш
- C) баяндауыш
- D) бастауыш
- E) анықтауыш

10. «Оформление» заң терминінің аудармасы?

- A) сыйақы
- B) жәрдемақы
- C) рәсімдеу
- D) көтермелеу
- E) үстемақы

11. «Айыпкер» деген заң терминінің аудармасы?

- A) потерпевший
- B) свидетель
- C) обвиняемый
- D) репрессия
- E) подсудимый

12. «Шағым» деген қандай іс қағаз түріне жатады?

- A) повестка
- B) договор
- C) резюме
- D) жалоба
- E) указ

13. Соңында нүкте қойылатын жай сөйлемнің қай түрі?

- A) бұйрықты
- B) лепті
- C) хабарлы
- D) сұраулы
- E) толымсыз

14. «Астыртын» деген заң терминінің аудармасы?

- A) неподсудный

- В) необоснованный
- С) непрерывный
- Д) нелегальный
- Е) нарушение

15. «Невменяемый» заң терминінің аудармасы?

- А) салақтық
- В) есі дұрыстық
- С) кінәсіздік
- Д) есі дұрыс еместік
- Е) келеңсіздік

16. «Понятой» заң терминінің аудармасы?

- А) куәгер
- В) жәбірленуші
- С) айыпталушы
- Д) айғақ адам
- Е) сезікті

17. Қазақ әліпбиінде неше дыбыс бар?

- А) 37
- В) 12
- С) 42
- Д) 9
- Е) 11

18. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

- А) 7
- В) 5
- С) 11
- Д) 9
- Е) 12

19. «Бесінші, оныншы» сан есімнің қай түріне жатады?

- А) топтау
- В) жинақтық
- С) бөлшектік
- Д) реттік
- Е) болжалдық

20. «Виза» терминінің аудармасы?

- А) құрбандық
- В) сенім
- С) рұқсатнама
- Д) кінә
- Е) айып

21. «Қарақшылық» заң терминінің аудармасы?

- А) беженец
- В) хулиганство
- С) разб. нападение
- Д) бандитизм

Е) грабеж

22. «Обыск» заң терминінің аудармасы?

- А) куәландыру
- В) ақтап шығу
- С) жазасын белгілеу
- Д) тінту жүргізу
- Е) теріске шығару

23. Қос сөзді табыңыз?

- А) кейінге қалдыру
- В) жасасын ұлы той
- С) отар-отар қой
- Д) сезімін білдіру
- Е) жүргізуші мен жүргінші

24. «Тез киін де, шық» деген сөйлемнің соңында қандай тыныс белгісі қойылады?

- А) нүкте
- В) леп белгісі
- С) сұрақ белгісі
- Д) нүктелі үтір
- Е) үтір

25. «Суффикс» деген терминнің аудармасы?

- А) жалғау
- В) түбір
- С) қосымша
- Д) жұрнақ
- Е) екпін

26. Құрмалас сөйлем неше жай сөйлемнен тұрады?

- А) 1
- В) 5
- С) 4
- Д) 2 немесе одан да көп сөйлемнен
- Е) 9

27. Бір ғана атауды білдіретін сөйлемді қандай сөйлем деп атаймыз?

- А) жақты
- В) жақсыз
- С) атаулы
- Д) толымды
- Е) толымсыз

28. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

- А) 9
- В) 7
- С) 4
- Д) 6
- Е) 5

29. "Кіммен, немен" деген сұрақ қай сөйлем мүшесіне жатады?

- A) анықтауыш
- B) бастауыш
- C) толықтауыш
- D) баяндауыш
- E) пысықтауыш

30. «Орныға отыр» сөйлемнің қандай түріне жатады?

- A) лепті
- B) хабарлы
- C) сұраулы
- D) бұйрықты
- E) толымды

## II вариант

1. «Талап» қандай іс қағазы?

- A) резюме
- B) иск
- C) протокол
- D) рапорт
- E) постановление

2. Құрмалас сөйлем байланысу тәсіліне қарай нешеге бөлінеді?

- A) 3
- B) 5
- C) 6
- D) 7
- E) 4

3. Баяндауышы тиянақты болып келсе құрмаластың қай түріне жатады?

- A) аралас
- B) сабақтас
- C) салалас
- D) шылаусыз
- E) болымды

4. "Қанша, неше" сұрағы қандай сөйлем мүшесіне жатады?

- A) толықтауыш
- B) пысықтауыш
- C) баяндауыш
- D) бастауыш
- E) анықтауыш

5. Орфография заңдылығы нені зерттейді?

- A) сөздердің дұрыс байланысуын
- B) сөздердің дұрыс айтылуы
- C) сөздердің дұрыс буынға бөлінуі
- D) сөздердің дұрыс жазылуы
- E) сөз тіркестерінің байланысқа түсуі

6. «Арызданушы» деген заң терминінің аудармасы?

- A) потерпевший

- В) свидетель
- С) обвиняемый
- Д) подсудимый
- Е) заявитель

7. «Жарлық» деген қандай іс қағаз түріне жатады?

- А) повестка
- В) договор
- С) резюме
- Д) жалоба
- Е) указ

8. Соңында леп белгісі қойылатын жай сөйлемнің қай түрі?

- А) бұйрықты
- В) лепті
- С) хабарлы
- Д) сұраулы
- Е) толымсыз

9. «Астыртын» деген заң терминінің аудармасы?

- А) неподсудный
- В) необоснованный
- С) непрерывный
- Е) нелегальный
- Д) нарушение

10. «Вменяемый» заң терминінің аудармасы?

- А) салақтық
- В) есі дұрыстық
- С) кінәсіздік
- Е) есі дұрыс еместік
- Д) келеңсіздік

11. «Отпечаток» заң терминінің аудармасы?

- А) дәрекілік
- В) даулы зат
- С) ізтаңба
- Е) шешімді бұзу
- Д) құқық саласы

12. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?

- А) 37
- В) 12
- С) 42
- Д) 9
- Е) 11

13. Қазақ тілінде неше сөйлем мүшесі бар?

- А) 7
- В) 5
- С) 11
- Д) 9

Е) 12

14. Толықтауышты қалай белгілейміз?

- А) екі сызық
- В) үзік-үзік
- С) үзік нүкте
- Д) ирек
- Е) бір сызық

15. «Дистанция» заң терминінің аудармасы?

- А) жақын
- В) алыстық
- С) қашықтық
- Д) ара қашықтық
- Е) ұзындық

16. «Айыпталушы» заң терминінің аудармасы?

- А) потерпевший
- В) подозреваемый
- С) труп
- Д) обвиняемый
- Е) свидетель

17. «Очная ставка» заң терминінің аудармасы?

- А) асыра сілтеу
- В) беттестіру
- С) айғаққа куә адам
- Д) істі сотқа беру
- Е) куәгердің жалтаруы

18. «Жарлық» қандай іс қағазы?

- А) Приказ
- В) Постановление
- С) Указ
- Д) Резюме
- Е) Завещание

19. «Тез киін де, шық» деген сөйлемнің соңында қандай тыныс белгісі қойылады?

- А) нүкте
- В) леп белгісі
- С) сұрақ белгісі
- Д) нүктелі үтір
- Е) үтір

20. «Ударение» деген терминнің аудармасы?

- А) жалғау
- В) түбір
- С) қосымша
- Д) жұрнақ
- Е) екпін

21. Тұрақты тіркесті табыңыз?

- A) қылмыскер ұсталды
- B) сөздің соңы
- C) куәгер келмеді
- D) таяқ тастам жер
- E) анаға алғыс

22. Сөйлем мүшелерінің барлығы бар сөйлемді қандай сөйлем деп атаймыз?

- A) жақты
- B) жақсыз
- C) атаулы
- D) толымды
- E) толымсыз

23. Қазақ тілінде неше жалғаудың түрі бар?

- A) 9
- B) 7
- C) 4
- D) 6
- E) 5

24. "Кімге, неге" деген сұрақ қай сөйлем мүшесіне жатады?

- A) анықтауыш
- B) бастауыш
- C) толықтауыш
- D) баяндауыш
- E) пысықтауыш

25. «Жасасын 9 мамыр» сөйлемнің қандай түріне жатады?

- A) лепті
- B) хабарлы
- C) сұраулы
- D) бұйрықты
- E) толымды

26. «Түйін» қандай іс қағазы?

- A) резюме
- B) иск
- C) протокол
- D) рапорт
- E) постановление

27. Құрмалас сөйлем байланысу тәсіліне қарай нешеге бөлінеді?

- A) 3
- B) 5
- C) 6
- D) 7
- E) 4

28. «Жедел уәкілдер қылмыскердің ізіне түсті, бірақ оны ұстай алмады» сөйлемі қандай құрмаластың түріне жатады?

- A) аралас
- B) сабақтас

- С) салалас
- Д) шылаусыз
- Е) болымды

29. "Кімнің, ненің" сұрағы қандай сөйлем мүшесіне жатады?

- А) толықтауыш
- В) пысықтауыш
- С) баяндауыш
- Д) бастауыш
- Е) анықтауыш

30. «Анықтауыш» сөйлем мүшесін қалай белгілейміз?

- А) бір сызық
- В) ирек сызық
- С) нүктелі сызық
- Д) қос сызық
- Е) үзік-үзік

### III вариант

1. «Айғақ адам» деген заң терминінің аудармасы?

- А) потерпевший
- В) свидетель
- С) правосудие
- Д) прекращение
- Е) понятый

2. «Шақыру қағазы» деген қандай іс қағаз түріне жатады?

- А) повестка
- В) договор
- С) резюме
- Д) жалоба
- Е) указ

3. Соңында леп белгісі қойылатын жай сөйлемнің қай түрі?

- А) бұйрықты
- В) лепті
- С) хабарлы
- Д) сұраулы
- Е) толымсыз

4. «Үзіліссіз» деген заң терминінің аудармасы?

- А) неподсудный
- В) необоснованный
- С) непрерывный
- Д) нелегальный
- Е) нарушение

5. «Небрежный» заң терминінің аудармасы?

- А) салақтық
- В) есі дұрыстық



- С) кінәсіздік
- Д) есі дұрыс еместік
- Е) келеңсіздік

6. Көсемшенің жұрнағы?

- А) -ған, -ген
- В) -ның, -нің
- С) -а, -е, -и
- Д) -дан, -ден
- Е) -мын, -мін

7. Қазақ тілінде неше септік бар?

- А) 37
- В) 7
- С) 42
- Д) 9
- Е) 6

8. Қазақ тілінде сын есімнің неше шырайы бар?

- А) 7
- В) 4
- С) 11
- Д) 9
- Е) 12

9. «Кірме сөзді» тап?

- А) көзәйнек
- В) сезімтал
- С) әбдіре
- Д) самаурын
- Е) қағаз

10. «Үндестік заңына» бағынып тұрған сөзді көрсет?

- А) генерал
- В) газет
- С) әуежай
- Д) сезіктілер
- Е) медаль

11. Тасымалдауға келмейтін сөзді тап?

- А) аналар
- В) ТМД
- С) әнші
- Д) хаттар
- Е) жолаушы

12. Тұрақты сөз тіркесін тап?

- А) сезімін білдіру
- В) көз еті өсу
- С) райынан қайту
- Д) келісімін білдіру
- Е) орнынан табылу

13. «Приговор» заң терминінің аудармасы?

- A) шешім
- B) үлгі
- C) айып тағу
- D) үкім
- E) еріксіз келтіру

14. «Келесі сөз таптары мыналар» деген сөйлемнің соңында қандай тыныс белгісі қойылады?

- A) қос нүкте
- B) леп белгісі
- C) сұрақ белгісі
- D) нүктелі үтір
- E) үтір

15. «Корень» деген терминнің аудармасы?

- A) жалғау
- B) түбір
- C) қосымша
- D) жұрнақ
- E) екпін

16. «Через» деген жалғаулық шылаудың аудармасы?

- A) сондықтан
- B) кейін
- C) себебі
- D) арқылы
- E) бірақ

17. Тек бастауыш пен баяндауыштан тұратын сөйлемді қандай сөйлем деп атаймыз?

- A) жақты
- B) жақсыз
- C) атаулы
- D) толымды
- E) толымсыз

18. Қазақ тілінде неше дауысты дыбыс бар?

- A) 15
- B) 7
- C) 25
- D) 12
- E) 5

19. «Не істеді» деген сұрақ қай сөйлем мүшесіне жатады?

- A) анықтауыш
- B) бастауыш
- C) толықтауыш
- D) баяндауыш
- E) пысықтауыш

20. «Жасасын 9 мамыр» сөйлемнің қандай түріне жатады?

- A) лепті

- В) хабарлы
- С) сұраулы
- Д) бұйрықты
- Е) толымды

21. «Өкім» қандай іс қағазы?

- А) резюме
- В) иск
- С) протокол
- Д) распоряжение
- Е) постановление

22. Құрмалас сөйлем байланысу тәсіліне қарай нешеге бөлінеді?

- А) 3
- В) 5
- С) 6
- Д) 7
- Е) 4

23. «-ма, -ме» шылауы етістіктің қай түріне жатады?

- А) аралас
- В) сабақтас
- С) салалас
- Д) болымсыз
- Е) болымды

24.«Кімді, нені» сұрағы қандай сөйлем мүшесіне жатады?

- А) толықтауыш
- В) пысықтауыш
- С) баяндауыш
- Д) бастауыш
- Е) анықтауыш

25. «Ұстаз, ғалым, генерал» деген мәтінде Б.Бейсенов Жеңісті қай қалада қарсы алды?

- А) Германияда
- В) Белоруссияда
- С) Берлинде
- Д) Прагада
- Е) Чехияда

26. «Тоқтату» деген заң терминінің аудармасы?

- А) потерпевший
- В) свидетель
- С) правосудие
- Д) прекращение
- Е) понятой

27. «Шарт» деген қандай іс қағаз түріне жатады?

- А) повестка
- В) договор
- С) резюме
- Д) жалоба

Е) указ

28. Соңында сұрақ белгісі қойылатын жай сөйлемнің қай түрі?

- А) бұйрықты
- В) лепті
- С) хабарлы
- Д) сұраулы
- Е) толымсыз

29. «Бұзу» деген заң терминінің аудармасы?

- А) неподсудный
- В) необоснованный
- С) непрерывный
- Д) нелегальный
- Е) нарушение

30. «Решение» заң терминінің аудармасы?

- А) шешім
- В) есі дұрыстық
- С) кінәсіздік
- Д) есі дұрыс еместік
- Е) келеңсіздік

### **Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз етілуі**

№	Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз етілу тізімі	Дайындалған жылы	Оқыту тілі	Саны
1.	Ф.Ш.Оразбаева, Т.Т.Аяпова және т.б. Қазақ тілі. Оқулық.	Алматы: Жазушы, 2007	Қазақ тілі	1

	Қарапайым деңгей (лексика- грамматикалық минимум, әдістемелік нұсқау, бақылау тестері, оқу кітабы, диск)			
2.	Ф.Ш.Оразбаева, Т.Т.Аяпова және т.б. Қазақ тілі. Оқулық. Орта деңгей (әдістемелік нұсқау, оқу кітабы, лексика- грамматикалық минимум, жаттығулар жинағы, бақылау тестері, диск)	Алматы: Жазушы, 2007	Қазақ тілі	1
3.	Ф.Ш.Оразбаева, Т.Т.Аяпова және т.б. Қазақ тілі. Оқулық. Ортадан жоғары деңгей (әдістемелік нұсқау, оқу кітабы, лексика- грамматикалық минимум, жаттығулар жинағы, бақылау тестері, диск)	Алматы: Жазушы, 2007	Қазақ тілі	1
4.	Ф.Ш.Оразбаева, Т.Т.Аяпова және т.б. Қазақ тілі. Оқулық. Негізгі деңгей (әдістемелік нұсқау, оқу кітабы, лексика- грамматикалық минимум, бақылау тестері, диск)	Алматы: Жазушы, 2007	Қазақ тілі	1
5.	Ф.Ш.Оразбаева, Т.Т.Аяпова және т.б. Қазақ тілі. Оқулық. Жоғары деңгей (әдістемелік нұсқау, оқу кітабы, лексика- грамматикалық минимум, жаттығулар	Алматы: Жазушы, 2007	Қазақ тілі	1

	жинағы, бақылау тестері, диск)			
6.	Ф.Ш.Оразбаева, Т.Т.Аяпова және т.б. Қазақ тілі. Оқулық. Жетік деңгей (әдістемелік нұсқау, оқу кітабы, лексика-грамматикалық минимум, жаттығулар жинағы, бақылау тестері, диск)	Алматы: Жазушы, 2007	Қазақ тілі	1

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

(қолы)

20 \_\_\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

**Тілдік дайындық кафедрасының 1.1 -1.1.04 Қазақ тілі .Арнаулы аудиториялар мен оқу-әдістемелік кабинеттер тізімі:**

№ п/п	№ аудитория	Аудитория атауы	Пәнді оқытуда қолданылатын оқу құралдары
1		Лингафондық кабинет	Бейне проектор, компьютер, құлақшын,

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПІМ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

**БЕКІТЕМІН**

**Тілдік дайындық кафедрасының бастығы  
полиция полковнигі**

**Ш.Ш.Жалмаханов**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2016ж.

**ТІЛДІК ДАЙЫНДЫҚ КАФЕДРАСЫ**

**Күндізгі оқу факультетінің 1 курс тыңдаушыларына арналған  
қазақ тілі пәні бойынша  
ӘДІСТЕМЕЛІК ТАЛДАУЛАР**

Қазақ тілі КТ 1.1 -1.1.04

№ 5B030300 құқық қорғау қызметі

Әдістемелік талдау кафедра мәжілісінде мақұлданды.

«29» тамыз 2016 ж.

Хаттама №1

Әдістемелік секцияның төрағасы \_\_\_\_\_

---

Қарағанды 2016 ж

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

**Ш.Ш.Жалмаханов**

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Тақырып түрі.** 1-т., Сөйлеу мәдениеті. Нормалар

**Сабақ түрі.** Дәріс

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Сөйлеу мәдениеті. Нормалар оның негіздері, бүгінгі таңдағы маңыздылығы жайында жалпы мағлұмат беру, ой-өрістерін тыңдау қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	5 мин	Сәлемдесу, тыңдаушылар құрамын тексеріп, сабаққа әзірлеу.
II.	Жаңа сабақ Қазақ тілі туралы және жалпы оның негізгі сипаттары туралы мәлімет (дәріс)	25 мин	<p><b>Сөйлеу мәдениеті</b> – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы. Тіл мәдениетінің тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығы – оның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болатындығында. Тіл мәдениеті дегеніміз – коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану.</p> <p>Тіл мәдениеті тілдік норманың 3 түрін қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. тілдік норма (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу нормасы);</li> <li>2. этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері);</li> <li>3. коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).</li> </ol>



			Сөйлеу мәдениеті орфоэпиялық нормаға негізделеді. Орфоэпиялық норма – сөздерді дұрыс айту, лексикалық норма – сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану болса, грамматикалық норма сөйлеу мәдениетінде біршама тұрақталып, қалыптасқан норма саналады. Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына карамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады.
III.	Сабақты бекіту	15 мин	
IV.	Үй тапсырмасын беру	2 мин	Жалпылама сұрақтар арқылы сабақты қорытындылау. Киелі сандарға байланысты мақалдар мен нақыл сөздер жазып келу.
V.	Бағалау	5 мин	Тыңдаушыларды сабаққа қатысуына қарай бағалау

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тапсырмалардың орындалуын қадағалау, тақырып бойынша жаттығулар орындау кезеңдерін бағалау

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу- әдістемелік құралдары

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Киелі сандарға қатысты мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазып келу

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 2-т., Әдеби тіл.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Әдеби тіл жайында жалпы мағлұмат беру, тілді сүйеге, қадірлеуге, сөйлеу дағдыларын дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі.	3 мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Жаңа сабақ  Фонетика. Қазақ тілінің дыбыстық құрамы  Дыбыс және әріп, әліппе	25мин	Сабак барысы Лингвистикалық терминдер сөздігінде": Әдеби тіл дегеніміз белі ілі бір қалыпқа түскен, диалектілер мен қарапайым сөйлеу тіліне қарағанда жалпыға бірдей міндетті және "дұрыс" деп қабылданған нормасы бар тіл" деген анықтама беріледі. Осыған жақын анықтама Д.Э.Розенталь мен М.А.Теленковалардың "Лингвистикалық терминдердің анықтама сөздігінде" де кездеседі. Олар әдеби тілді "халықтың әр қилы мәдени қажеттілігіне қызмет ететін нормаланған тіл яғни көркем әдебиеттің, публицистикалық шығармалар мен мерзімді баспасөздің, радио, театр, ғылым, мемлекеттік ұйымдардың т.б. тілі" деп айқындайды. Осы анықтамаларды негізге ала отырып, орыс тілі білімпаздары орыс әдеби тілінің әр дәуірдегі тарихын сөз еткенде жоғарыдағыдан басқа да оның көптеген басты және қосалқы белгілері мен ерекшеліктерін көрсетіп отырады. Яғни бұдан біз әдеби тіл категориясының тарихи құбылыс екендігін, оның әр дәуіріндегі /кезеңдегі/ даму

<p>III.</p> <p>IV.</p> <p>V.</p>	<p>Сабақты бекіту</p> <p>Үйге тапсырма</p> <p>Бағалау</p>	<p>15мин</p> <p>2мин</p> <p>5 мин</p>	<p>дәрежесінің бірдей болмайтындығын, соған сай оның негізгі белгілерінің де құбылып, өзгеріп отыратындығын байқаймыз.</p> <p>1) Әдеби тіл, ең алдымен, жазба тіл болуы керек, ол жазу арқылы ғана қалыптасады;</p> <p>2) Әдеби тіл нормалан ған тіл болуы керек;</p> <p>3) Әдеби тілдің стильдік тармақтары болуы керек / "тілдің стильдік жүйелерінің саралануы - тілдің әдебилігінің басты белгісінің бірі"/;</p> <p>4) "Әдеби тіл - қоғамдық қызметі ерекше тіл". "Жазба әдебиет арқылы әдеби тілдің икемділігі, ортақтық қасиеті артып, құрылысы жүйелі қалыпқа түседі", "тілге орамды, жүрекке жылы тиетін" элементтері ұштала түседі. Солай бола тұрса да, әдеби тіл деген ұғымды, бір жағынан, тек жазба әдебиетпен байланыстырып, сол шеңберде ғана қарап, әдеби тілді жазба тілмен балама ден тану, екінші жағынан, әдеби тіл тарихын сол халықтың қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени тарихынан бөліп алып қарау, соның негізінде жазуы жоқ, не жазуы дамымаған я кеш дамыған халықтың әдеби тілі де жоқ деген үзілді-кесілді пікір айту шындыққа жанасымды бола бермейді.</p> <p>1-жаттығу. Сөздерді мәнерлеп оқу.</p> <p>Проблемалық әдісті қолдана отырып, өтілген материал бойынша жалпылама сұрақтар қою арқылы сабаққа қорытынды жүргізу.</p> <p>«Қазақстан Республикасының рәміздері» атты шағын мәтін құрау. Заң терминдерін жаттау, сөйлемдер құрау.</p> <p>Тыңдаушыларды сабаққа қатысуына қарай бағалау</p>
----------------------------------	---	---------------------------------------	--

## II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті

Фонетика туралы, қазақ тілінің дыбыстық құрамы, дыбыс, әріп туралы ұғымдарды кеңінен түсіндіріп, тыңдаушылардың білімін қадағалау, жазба жұмыстарын, аударма жұмыстарын жүргізу арқылы оларды ауызша сөйлеуге дағдыландару.

## III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./

Кесте, дидактикалық материалдар

**IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

**Қазақстан Республикасы ІІМ  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Тақырып түрі.** 2-с. Дауысты дыбыстар, оның түрлері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Дауысты дыбыстар және олардың жіктелуі жайында жалпы мағлұмат беру, тілді сүюге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушыларды түгелдеп сабаққа дайындығын тексеру
II.	Үй жұмысын сұрау	5 мин	Үй жұмысын сұрап, өткен тақырыпты қалай меңгергендерін тексеру. Сөздерді сұрау
III.	Жаңа сабақ  Дыбыстардың бөлінуі  Дауысты дыбыстар	25 мин	Қазақ тіліндегі дыбыстарды екі түрге: дауыссыз, дауыстыларға жіктеу. Өкпеден шыққан ауа кедергісіз шықса, мұндай дыбыстар дауысты дыбыстар деп аталады. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар монофтонг және дифтонг болып бөлінеді. Тілдің қатысына қарай жуан және жіңішке, еріннің қатысына қарай еріндік-езулік, жақтық қатысына қарай ашық-қысаң болып бөлінеді. Әрқайсысының ерекшелігіне тоқталып, жасалуын түсіндіру. Ерекшеліктерін мысалмен көрсету. Дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін, оның жасалуын түсіндіріп, оның дауыстың қатысына қарай, жасалу орнына қарай,

IV.	Сабақты бекіту	12 мин	айтылу жолына қарай түрлерін көрсету. Мысалмен бекіту. Оқулықтағы жаттығулармен жұмыс жасап, фонетикалық талдауға дағдыландыру. 3-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті дыбыстарды қойып жазу. 4-жаттығу. Дауысты дыбыстарды жіктеу. Термин сөздер жазғызып, сөйлем құрату. Мәтінмен жұмыс жасау Лексикалық тақырыпты түсіндіріп, жаңа тақырыппен ұштастыру. Тапсырма «Үлкен жолдың кезеңдері» мәтініне аударма жасау. Сөздікпен жұмыс Дауысты дыбыстар және олардың жіктелуі, қазақ тіліндегі рөлі сияқты сұрақтарды қамти отырып, сабаққа қорытынды жасау.
V.	Үйге тапсырма	2мин	Мәтінді аудару, сөздік жаттау.
VI.	Бағалау	3мин	«Мемлекеттік тіл» атты мәтін құрау Тыңдаушылардың білімін, тілге шеберлігін бағалау

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру.**

Тіліміздегі дауысты дыбыстардың ерекшелігін кеңінен түсіндіріп, әр түрлі жазба жұмыстарын жүргізу арқылы тыңдаушылардың білімін тексеру. Аударма жұмыстарын жүргізу арқылы ауызша дұрыс сөйлеуге баулу.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Дыбыстар жіктелген кесте. Арнайы мәтіндер жинағы. Заң терминдер сөздігі

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Дыбыстардың түрлерін жаттау

«Үлкен жолдың кезеңдері» мәтінін аудару (16-бет)

Терминдер жаттау

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 3-с. Дауыссыз дыбыстар, оның түрлері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Дауыссыз дыбыстар және олардың жіктелуі жайында жалпы мағлұмат беру, тілді сүюге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушыларды түгелдеп сабаққа дайындығын тексеру
II.	Үй жұмысын сұрау	5 мин	Үй жұмысын сұрап, өткен тақырыптан меңгергендерін тексеру. Жаттауға берілген сөздерді сұрау
III.	Жаңа сабақ  Дыбыстардың бөлінуі  Дауыссыз дыбыстар	25мин	Дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін, оның жасалуын түсіндіріп, оның дауыстың қатысына қарай, жасалу орнына қарай, айтылу жолына қарай түрлерін көрсету. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыздардың ерекшелігін артикуляциялық базамен байланыстыра түсіндіру. Согласные звуки (дауыссыз дыбыстар по степени участия голоса (тона) и шума делятся на: сонорные или звучные (үнді), звонкие (ұяң) и глухие (қатаң) согласные. Үнді м, н, ң, л, р, й, у Ұяң б, в, г, ғ, д, ж, з, г, һ Қатаң п, ф, к, қ, т, ш, с, х, ц, ч
IV.	Сабақты	12 мин	Оқулықтағы жаттығулармен жұмыс жасап,

	бекіту		фонетикалық талдауға дағдыландыру. Термин сөздер жазғызып, сөйлем құрату. Мәтінмен жұмыс жасау. Тапсырма. Берілген сөздерге дыбыстық талдау жасау. Лексикалық тақырыпты түсіндіріп, жаңа тақырыппен ұштастыру. Сөздікпен жұмыс. Сабаққа қорытынды жүргізу.
V.	Үйге тапсырма	2 мин	Мәтінді аудару, сөздерді жаттау. «Менің өмірбаяным» атты мәтін құрау
VI.	Бағалау	3 мин	Тыңдаушылардың білімін, сабаққа қатысын бағалау.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру.**

Тіліміздегі дауысты дыбыстардың ерекшелігін кеңінен түсіндіріп, әр түрлі жазба жұмыстарын жүргізу арқылы тыңдаушылардың білімін тексеру. Аударма жұмыстарын жүргізу арқылы ауызша дұрыс сөйлеуге баулу.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Дыбыстар жіктелген кесте. Арнайы мәтіндер жинағы. Заң терминдер сөздігі

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Дыбыстардың түрлерін жаттау (14-бет)

«Менің өмірбаяным» атты мәтін құрау

Терминдер жаттау

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 4-с. Буын үндестігі

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Сингармонизм заңын оқыта отырып, тыңдаушыларды дұрыс сөйлеу, сауаттылыққа баулу, тілді сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, дұрыс сөйлеу дағды-біліктерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушыларды тексеру, сабаққа дайындығын қадағалау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	Үйге берілген жаттығу мен тапсырмаларды тексеру. Сөздіктегі сөздерді жатқа сұрау.
III.	Жаңа сабақ	25 мин	Түбір мен қосымшаның және сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап, өзара үйлесіп айтылуын үндестік заңы (сингармонизм) дейді. Қазақ тілінде үндестік заңының екі түрі бар: 1. буын үндестігі; 2. дыбыс үндестігі
	Үндестік заңы		
	Буын үндестігі		Сөздің соңғы буынының жуан, жіңішке болуына қарай қосымшалардың да бірыңғай жуан бірыңғай жіңішке түрде жалғануын буын үндестігі немесе сингармонизмдейді.
	Дыбыс үндестігі		Яғни дауысты дыбыстардың бір-біріне әсерін сингармонизм дейді. Мысалы: тыңдаушылар-ға, қарағанды-лық т.б.
			Сөздің алғашқы буыны жуан болса, келесі буын да жуан болады. Мысалы: бала, да-ла,



IV.	Сабақты бекіту	12 мин	<p>оқу-лық сөздің соңғы буыны жуан болса, қосымша да жуан болады.</p> <p>Бала-лар-ды, дала-да-ғы-лар, оқулық-та-ғы</p> <p>Жіңішке нұсқасы да осылай ер-тең, терезе, ертең-гі-ден, терезе-лер-де-гі</p> <p>Ескерту Сөздің соңғы буынының жуан, жіңішкілігіне қарамай, сол күйінде жалғанатын қосымшалар болады; Көмектес септігі жалғауы: -мен, (-бен,-пен) оқулық-пен, Қосымшалар: -нікі, (-дікі,-тікі): бала-нікі -кер,-гер; айлакер -паз: әсем-паз -кеш: әзіл-кеш- қор:дүние-қор -қой: әуес-қой -хана; дәрі-хана</p> <p>Буын үндестігіне бағынбайтын кей сөздер бар;</p> <p>А) кірме сөздер: кітап, мұғалім</p> <p>Б) біріккен сөздер: кәсіпорын, баспасөз</p> <p>Жаңа сабақты бекітуге арналған жаттығулар: Жаттығу мен тапсырмалар орындау мәтін аудару, сөздікпен жұмыс мәтін құрау, сөйлем құрау.</p> <p>7-жаттығу. Сөздердің жуан, жіңішкелігін анықтап, тиісті қосымшаларды жалғау.</p> <p>8-жаттығу. Берілген сөздерден букын үндестігін табу.</p>
V.	Үй тапсырмасын беру	2мин	<p>Сабақты қорытындылау.</p> <p>Жаттығулар мен мәтіндер, лексикалық материалды қайталау.</p> <p>Тапсырма. Диалогты аудару «Туыстық атауларды» жаттау.</p>
VI.	Бағалау	3мин	Тыңдаушылардың білімін бағалау

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру.**

Тіліміздегі буын үндестігінің ерекшелігін кеңінен түсіндіріп, әр түрлі жазба жұмыстарын жүргізу арқылы тыңдаушылардың білімін тексеру. Аударма жұмыстарын жүргізу арқылы мәтін құрауға баулу.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Дидактикалық материалдар

Арнайы мәтіндер жинағы

Заң терминдер сөздігі

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

5-жаттығу. (19-бет)

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 5-с. Сингармонизм мен дисгармонизм**Сабақ түрі.** Тәжірибелік**Уақыты.** 50 минут**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушылардың дыбыс үндестігін кеңінен түсінуін қамтамасыз ету, отанын, ана тілін сүйуге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушылардың санын түгендеп, сабаққа дайындығын қадағалау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	Үйге берілген жаттығу мен тапсырмаларды тексеру. Сөздіктегі сөздерді жатқа сұрау.
III.	Жаңа тақырып  Сингармонизм  Дауыстылардың үндесуі  Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар	25 мин	Сингармонизм дегеніміз – буын үндестігі, яғни сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке болып үндесуі. Мысалы, «тергеуші» сөзі жіңішке дауыстылардан тұрғандықтан қосымша да жіңішке болып жалғанады: <b>тергеуші-лер</b> . <b>Анықтаушы</b> сөзі жуан дауыстылардан құралғандықтан, қосымша да жуан жалғанады: <b>анықтаушы-ға</b> . Алайда тілімізде буын үндестігіне бағынбайтын бірқатар қосымшалар бар: <ol style="list-style-type: none"> <li>1. –хана; дәрі-хана</li> <li>2. –нікі;-дікі;-тікі; Айжан-дікі</li> <li>3. –кеш; арба-кеш</li> <li>4. –қой; сән-қой т.б.</li> </ol>

IV.	Сабақты бекіту	12 мин	Оқулықтағы жаттығулар мен тапсырмаларды ауызша және жазбаша орындау арқылы өтілген тақырыпты бекіту. 9-жаттығу. Диссимиляцияны ажырату. 10-жаттығу. Сөз бен қосымшаның арасындағы дыбыстардың әсерін анықтаңыздар. Лексикалық тақырыпты өтілген тақырыппен ұштастырып түсіндіру. «Институттың бүгінгі жайы» мәтінін аудару, сөздік жазу жұмыстарын жүргізу
V.	Үйге тапсырма	2 мин	Сабақты қорытындылау «Менің мамандығым» тақырыбына әңгіме құрау (28-бет).
VI.	Бағалау	3 мин	Белсенділік танытқан тыңдаушыларды бағалау

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Сингармонизм мен дисгармонизмді тыңдаушыларға терең түсіндіріп, олардың дұрыс сөйлеуін қадағалау

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, анықтамалық құрал

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Заң терминдерін жаттау

«Менің мамандығым» тақырыбына әңгіме құрау (28-бет).

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

**«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.**

**Тақырып түрі.** 6-с. Дыбыс үндестігі. Ассимиляция мен диссимиляция

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушылардың дыбыс үндестігіне қатысты ассимиляция, диссимиляция құбылыстарын кеңінен түсінуін қамтамасыз ету, отанын, ана тілін сүйуге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу, жазу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушылардың санын түгендеп, сабаққа дайындығын қадағалау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	Үйге берілген жаттығу мен тапсырмаларды тексеру. Сөздіктегі сөздерді жатқа сұрау.
III.	Жаңа тақырып  Дыбыс үндестігі  Ассимиляция мен диссимиляция  Дыбыстардың бір-біріне әсері  Қатаң дыбыстар	25 мин	Дыбыс үндестігі Дыбыс үндестігі бойынша дауыссыздар бір-біріне ықпал етіп, өзара үндесіп айтылады. Түбір мен қосымшаның сөз тіркесіндегі екі сөздің жігінде дауыссыз дыбыстардың біріне-бірі әсер нәтижесінде өзгеруін дыбыс үндестігі немесе ассимиляция деп атайды. Көршілес дыбыстардың ықпал ету бағытына қарай дыбыс үндестігі 3 түрге бөлінеді: 1. Ілгерінді ықпал.

IV.	әсері Ұяң дыбыстар әсері. Жаңа сабақты бекіту	12 мин	2. Кейінді ықпал. 3. Тоғыспалы ықпал Диссимиляция – сөз ішінде немесе ұқсас дыбыстардың біреуі өз орнын ұқсастық жоқ дыбысқа береді. Оқулықтағы жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы өтілген тақырыпты бекіту. 11-жаттығу. Берілген сөздерді айтылуы бойынша жазу. Тапсырма. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрау. Лексикалық тақырыпты өтілген тақырыппен ұштастырып түсіндіру. «Малыши накурились анаши» мәтінін аудару, сөздік жазу жұмыстарын жүргізу
V.	Үйге тапсырма	2 мин	Сабаққа қорытынды жүргізу «Кафедра, бөлім атауларын» екі тілде жаттау (41-бет)
VI.	Бағалау	3 мин	Тыңдаушылардың білімін бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Дыбыс үндестігі, ассимиляция мен диссимиляцияны тыңдаушыларға терең түсіндіріп, олардың дұрыс сөйлеуін қадағалау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, анықтамалық құрал

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Заң терминдерін жаттау

«Кафедра, бөлім атауларын» екі тілде жаттау (41-бет).

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Тақырып түрі.** 7-с. Ілгерінді, кейінді ықпал

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары.** Тыңдаушыларға ілгерінді, кейінді ықпал жайында мағлұмат беру, отанын, ана тілін сүйуге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу, жазу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушылардың санын түгендеп, сабаққа дайындығын қадағалау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	Үйге берілген жаттығу мен тапсырмаларды тексеру. Сөздіктегі сөздерді жатқа сұрау.
III.	Жаңа тақырып	25 мин	Ілгерінді ықпал дегеніміз түбір қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың алдыңғысының кейінгі дыбысқа әсер етуі
	Ілгерінді ықпал		Сөз қатаңға аяқталса, қосымша қатаңнан басталады.
	Кейінді ықпал		Сөз ұяңға аяқталса, қосымша ұяңнан басталады.
	Дыбыс үндестігі		Сөз дауыстыға немесе үндіге аяқталса қосымша ұяң не үндіден басталады. өнердің, өнерім
	Дыбыстардың бір-біріне әсері		Сөз ш дыбысына аяқталып қосымша с дыбысынан басталса, с дыбысы ш дыбысына айналады.
	Қатаң дыбыстар әсері		Түбір мен қосымша немесе сөздер

	Ұяң дыбыстар әсері.		<p>аралығында А</p> <p>Алдыңғы сөз қатаңға аяқталып кейінгі сөз ұяң б дыбысынан басталса, ол қатаң п дыбысына айналады.</p> <p>Кейінгі ықпал дегеніміз түбір мен қосымшаның неесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың соңғысының алдыңғы дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуы.</p> <p>Сөз қатаң қ,к,п дыбыстарына аяқталып қосымша не келесі сөз дауысты, үнді және ұяң д,ж,з, дыбыстарынан басталса, сөз соңындағы дыбыстар ұяң ғ,г,б дыбыстарына айналады.</p> <p>Сөз қатаң п дыбысына аяқталып, оған көсемшенің –ып, -іп жұрнағы жалғанғанда қатаң п үнді-у дыбысына айналады.</p> <p>Сөз үнді н дыбысына аяқталып, қосымша не кейінгі сөз б,п,м дыбыстарынан басталғанда н қос ерін м дыбысына айналады</p> <p>Сөз н дыбысына бітіп, қосымша не кейінгі сөз қ,к,ғ,г дыбыстарынан басталғанда н ң болады</p> <p>Егер з дыбысына аяқталған түбір сөзге ж дыбысынан басталатын қосымша не сөз жалғанса, онда з дыбысы ж болып айтылады.</p> <p>«Қ, К, П» дыбыстарына аяқталатын сөздерге қосымша дауыстыдан жалғанса, аталған қатаң дауыссыздар ұяңға айналады, яғни <b>қ-ғ, к-г, п-б</b>, «кітап-кітабы</p>
IV.	Жаңа сабақты бекіту	12 мин	Оқулықтағы жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы өтілген тақырыпты бекіту.
V.	Үйге тапсырма	2мин	Лексикалық тақырыпты өтілген тақырыппен ұштастырып түсіндіру.
VI.	Бағалау	3мин	Мәтін аудару, сөздік жазу жұмыстарын жүргізу Сабаққа қорытынды жүргізу «Әскери атақтар мен бұйрықтарды» екі тілде жаттау (42-бет) Тыңдаушылардың білімін бағалау

**II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті** Ілгерінді, кейінді ықпал заңдылықтарын тыңдаушыларға терең түсіндіріп, олардың дұрыс сөйлеуіне баса назар аудару

**III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, анықтамалық құрал

#### IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау

Заң терминдерін жаттау

«Әскери атақтар мен бұйрықтарды» екі тілде жаттау (42-бет)

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы

\_\_\_\_\_ Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 8-с. Тоғыспалы ықпал

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушыларға тоғыспалы ықпал жайында мағлұмат беру, отанын, ана тілін сүюге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу, жазу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

#### I. Сабақ жоспары

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	2 мин	Тыңдаушылардың санын түгендеп, сабаққа дайындығын қадағалау
II.	Ұй тапсырмасын сұрау	3 мин	Үйге берілген жаттығу мен тапсырмаларды тексеру. Сөздіктегі сөздерді жатқа сұрау.
III.	Жаңа тақырып  Тоғыспалы ықпал ерекшеліктері  Дыбыстардың бір-біріне әсері	25 мин	Тоғыспалы ықпал деп қатар тұрған дыбыстардың өзара бірдей өзгеруін айтады. Сөз түбірі <b>н</b> дыбысына аяқталып кейінгі <b>қ</b> не <b>к</b> дыбыстарынан басталса, қатар тұрған <b>н</b> және <b>қ,к</b> айтылуда <b>ң,ғ,г</b> дыбыстарына айналады (Жанқожа-Жанғожа). Сол сияқты қатар келген « <b>с,ж</b> » дыбыстары да бірдей <b>ш</b> дыбысына өзгереді (Тас жол – таш шол) .
IV.	Жаңа сабақты бекіту	12 мин	Оқулықтағы жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы өтілген тақырыпты бекіту. 13-жаттығу. Берілген сөздерден



V.	Үйге тапсырма	2 мин	тоғыспалы ықпалды табу. «Студент-грабитель» мәтінін аудару Тапсырма. Жаңылтпашты оқу. Лексикалық тақырыпты өтілген тақырыппен ұштастырып түсіндіру. Мәтін аудару, сөздік жазу жұмыстарын жүргізу Сабаққа қорытынды жүргізу «Баянат» түрлерін екі тілде құру
VI.	Бағалау	3 мин	Заң терминдерін жаттау (188-189-бб.) Тыңдаушылардың білімін бағалау

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Ілгерінді, кейінді ықпал заңдылықтарын тыңдаушыларға терең түсіндіріп, олардың дұрыс сөйлеуіне баса назар аудару

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Ықпалдардың ерекшелігін көрсететін мысалдар (көрнекіліктер) кестелер, карточкалар

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Заң терминдерін жаттау(188-189-бб.)

«Баянат» түрлерін екі тілде құру

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

« \_\_\_\_\_ » **201** ж.

**Тақырып түрі.** 9-с. Буын және екпін

**Сабақ түрі.** Дәріс

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Буын, екпін және оң қазақ тіліндегі ерекшеліктері жайында түсінік, елін-жерін, ана тілін сүйуге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушыларды түгелдеп, сабаққа дайындау, аудиторияның әзірлігін қадағалау
II.	Үй жұмысын сұрау	5 мин	Мәтіндер, тапсырмалар мен жаттығулардың орындалған тексеру, сөздіктегі сөздерді сұрау.
III.	Жаңа сабақты түсіндіру	25 мин	Буынды дауысты дыбыстар құрайды. Сөзде қанша дауысты болса, сонша буын болады. Тілімізде буын түрлері үшке бөлінеді: 1. Ашық буын. Дауысты-дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталатын буын. Мысалы: а-на, о-қы-ту-шы. 2. Тұйық буын. Дауыстыдан басталып, дауссызға бітетін, көбінесе, тіліміздегі бір буынды сөздер. Мысалы: ант, от, аш... 3. Бітеу буын. Дауыссыздан басталып, дауыссызға бітетін буын. Мысалы: тер-геу, бас-тық.
	Буын		Қазақ тілінде екпін негізінен тұрақты болып
	Екпін		

IV.	Жаңа сабақты бекіту	12 мин	есептеледі. Сөздің соңғы буынына түседі. Жаттығуларды орындау, мәтіндер аудару. 1-тапсырма. Берілген сөздерді буын түрлеріне қарай ажыратып жазу. 2-тапсырма. Өздік жұмыс. 3-тапсырма. Карточкамен жұмыс. Лексикалық тапсырманы толық түсіндіру, Сөздікпен жұмыс жасау. Сабақты қорытындылау.
V.	Үй тапсырмасын беру	2 мин	Жаттығулар мен мәтіндер, лексикалық материалды қайталау (18-19-бб.). Сөздер жаттау. «Түсініктеме» үлгісін құру.
VI.	Бағалау	3 мин	Тыңдаушылардың білімін бағалау.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Буын түрлерін, екпін ерекшелігін тыңдаушыларға терең түсіндіріп, олардың дұрыс сөйлеуін қадағалау

**IV. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**  
Кесте, анықтамалық құрал

**V. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**  
Заң терминдерін жаттау  
Мәтінді аудару, «Түсініктеме» үлгісін құру (18-19-бб).

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

**« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.**

**Тақырып түрі.** 10-с. Фонетикадан өткенді қайталау

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Қазақ тілінің дыбыстық құрамы, әліппесі және ұлттық рәміздеріміз, олардың бүгінгі таңдағы маңыздылығы, жалпы фонетика саласы бойынша алған білімдерін бекіту, тілді сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ой-өрістерін тыңдау, сөйлеу дағдыларын дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Сабақ барысы	25 мин	Қайталау сабақ
	Фонетика		Оқытушы бұл сабақта мейлінше сұрақ-жауап, проблемалық әдістерді кеңінен қолданады
	Қазақ тілінің дыбыстық құрамы		Фонетика туралы қайталау төмендегідей жалпы сұрақтар арқылы жүзеге асырылады:
	Дыбыс және әріп, әліппе		1.Қазақ әліпбиінде неше дыбыс, неше әріп бар? 2.Төл дыбыстар саны қанша? 3.Қанша дауысты, дауыссыз дыбыстар бар? 4.Дауыстылардың жіктелуі? 5.Дауыссыздардың жіктелуі? 6.Үндестік заңы? 7.Буын үндестігінің ерекшеліктері? 8.Буын үндестігіне бағынбайтын

III.	Сабақты бекіту	15 мин	қосымшалар? 9.Дыбыс үндестігі. Ықпал заңдылығының ерекшеліктері? 10.Буын және оның түрлері? Бекіту жаттығулары аралас түрде өтеді, яғни тақтамен, оқулықпен жұмыс, жеке жауап түрлері қатар жүргізіледі. Сабақты бекіту барысында жаттығу жұмыстарын жүргізіп, сұрақ – жауап әдісін кеңінен пайдалану Заң терминдерінен жаңа сөздер жазу, сөздерден күрделі сөйлемдер құрату. Лексикалық тақырыпты түсіндіріп, өтілген тақырыппен ұштастыру. Арнайы мәтіндермен жұмыс жасау.
IV.	Үй тапсырмасын беру	2 мин	«Қолхаттың» түрлі үлгілерін құрау. Заң терминдерін жаттау (41-бет), сөйлемдер құрау.
V.	Бағалау	5 мин	Сабаққа қорытынды жүргізу Тыңдаушыларды сабаққа қатысуына қарай бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Фонетика туралы, қазақ тілінің дыбыстық құрамы, дыбыс, әріп туралы кеңінен түсіндіріп, тыңдаушылардың білімін қадағалау, жазба жұмыстарын, аударма жұмыстарын жүргізу арқылы оларды ауызша сөйлеуге дағдыландыру

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

«Қолхат» үлгілерін құрау

Заң терминдерінен 15 сөз жаттау (41-бет)

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы

\_\_\_\_\_ Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 3-т, 1-с. Лексика. Сөздік қор мен сөздік құрам

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Лексика саласы, сөздік қор мен сөздік құрам жайында жалпы мағлұмат беру, отанын, ана тілін сүйге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	2 мин	Тыңдаушылардың сабаққа қатысуын, дайындығын қадағалау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	3 мин	Үйге берілген тапсырмалармен жаттығуларды сұрау. Сөздікті аударманы тексеру
III.	Жаңа сабақ  Лексика туралы түсінік  Сөздік қор мен сөздік құрам  Қазіргі қазақ тілі лексикасының стильдік мәні	25 мин	Фонетиканы қорытындылау Тіл білімінің келесі саласы - лексика (грек лексикос). Лексика лексикология, этимология және лексикография деген салалардан тұрады. Лексикология – сөз туралы тілдің сөздік құрамын, байлығын зерттейді. Семаскология сөздің ішкі мәні сөздің мағыналық ерекшеліктерін қарастырады. Этимология – сөздер мен жекелеген тұлғалардың тарихын, шығуын, дамуын зерттейді. Лексикография – сөздік деген

IV.	Жаңа сабақты бекіту	15 мин	мағыналарды білдіреді Қазақ тілінің сөздік құрамы түбір (байырғы) сөздерден, туынды сөздерден және басқа тілден енген сөздерден тұрады 16-жаттығу. Жақшаны ашып, сөз тіркестерін аудару. 17-жатығу. Оқып шығып, ұлы сөздерді анықтау. 18-жаттығу. Диалогты мәнерлеп оқу. Сенімхат түрлерін жазу. Мәтін аудару, сөздікпен заң терминдерін жазу.
V.	Үй тапсырмасын беру	3 мин	Лексика, сөздік қордың негізі туралы тақырыпты қорытындылау Сабақты қорытындылау. Ішкі істер бөлімінің қызметкерін сипаттайтын мәтін жазу.
VI .	Бағалау	2 мин	19-жаттығу (45-бет). Сөздерді жаттау. Тыңдаушылардың жауабын бағалау

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Лексика және оның салаларын тыңдаушыларға түсіндіріп, олардың қазақ тілінде дұрыс сөйлеуін қадағалау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, анықтамалық құрал, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Заң терминдерін жаттау

Мәтінді аудару, 19-жаттығу (45-бет)

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 3-т, 2-с.. Термин сөздер мен кірме сөздер

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушыларға терминология саласы, оның бүгінгі таңдағы маңыздылығы, кірме сөздер жайында мағлұмат беру, отанын, на тілін сүйе, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	2 мин	Заң терминдеріне тоқталу
II.	Үй тапсырмасын тексеру	3 мин	Лексика сөз байлығын зерттейді. Лексика: Лексикология, Семасиология, этимология, лексикография.
III.	Жаңа сабақ  Термин сөздер  Кірме сөздер  Варваризмдер	25 мин	Тіліміздегі терминдерді екіге бөліп қарастыруға болады: кәсіби терминдер және интернационалдық терминдер. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты өзге тілдерден әр салаға қатысты бірнеше терминдер еніп, сөздік қорымызды байытуға үлес қосты. Кірме сөздердің басым көпшілігі араб-парсы тілдерінен енгені белгілі. Займствованные слова (кірме сөздер) Араб-Иран тілінен – ғасыр, қайрат, мағлұмат, орыс тілінен – самауыр, доға, жәшік Француз – Гароль, неміс –курорт т.б.. Варваризм –сөзі орынсыз қолдану.



IV.	Жаңа сабақты бекіту	15 мин	1-тапсырма. Варваризм сөздер – ручка, стол, линейка, очки, перчатки, столовой, стройға, библиотека. 2-тапсырма. 1. Республика президенті – Назарбаев. 2. Республика Президенті болып 35 жастан, 65 жасқа дейінгі қазақ тілін жақсы меңгере алатын, кемінде Республика көлемінде 10 жыл бойы тұрған. Қазақстан Республикасы азаматы сайлана алады. 3. Президенттің сайлауы желтоқсан айында өтеді. (5 жыл сайын) 4. Ол Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуі керек. Заң терминдерінен сөздер сұрау. Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздері. «Менің оқыған мектебім» мәтін құрау. Сабаққа қорытынды жасау.
V.	Үй тапсырмасын беру	3 мин	Жаттығулар мен мәтіндер, лексикалық материалды қайталау. Сөздер жаттау. 24-жаттығу (48-бет)
VI.	Бағалау	2 мин	Тыңдаушылар білімін бағалау

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Сөздің мағыналас немесе қарама-қарсы мәнде келетінін тыңдаушыларға терең түсіндіріп, олардың дұрыс сөйлеуін қадағалау

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, анықтамалық құрал

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Заң терминдерін жаттау

24-жаттығу (48-бет)

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Тақырып түрі:** 3-т, 3-с. Көп мағыналылық (полисемия)

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушылардың сөз мағынасы, оның көп мағынада қолдану туралы білім аясын кеңейту, отанын, на тілін сүйуге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	2 мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Ұй тапсырмасын тексеру	3 мин	Мәтіндер, тапсырмалар мен жаттығулардың орындалғанын тексеру, сөздіктегі сөздерді сұрау.
III.	Жаңа сабақты түсіндіру  Полисемия  Тура мағына  Ауыспалы мағына	25 мин	Сөздің бастапқы білдіретін ұғымы – тура мағынасы болып есептеледі. Мысалы: Цирктерден қолға үйретілген арыстанды көруге болады. Мұндағы «арыстан» сөзі жыртқыш қайсар ақ ұғымында Ал «Арыстан еді-ау Исатай дегендегі арыстан ақсақ ерлік күш-жігердің, намыс пен өжеттіліктің батыр тұлғасы ұғымын береді. Сөздің мұндай мағынасын ауыспалы мағына дейді. Сөз өзінің негізгі мағынасынан басқа да мағынада қолданыла береді. Бірнеше мағынада қолданатын сөздерді көп мағыналы сөздер дейміз.

IV.	Бекіту	15 мин	<p>Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді шатастыруға болмайды. Көп мағыналы сөздердің әр мағынасы бір-біріне жақын, бір-бірімен байланысты болса, омоним сөздердің мағыналары байланысты емес, мағыналары бөлек болады.</p> <p>Бас – адамның басы, жолдың басы, т.б. – көп мағыналы, бас – етістік, аяғыңды бас-омонимдер</p> <p>Оқулықтағы мәтіндерді аудару, жаттығулар мен тапсырмаларды орындау.</p> <p>26-жаттығу. Сөздердің мағыналарын анықтап, аударма жасау.</p> <p>27-жаттығу. Берілген сөздерге мағыналық талдау жасау.</p> <p>28-жаттығу. Көп мағыналы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрау.</p> <p>Лексикалық материалды түсіндіру.</p> <p>«Бұйрық» үлгілерімен таныстыру және оларды аударма білуге машықтандыру</p>
V.	Үйге тапсырма	3 мин	<p>Сабақты қорытындылау</p> <p>Тыңдаушыларға жеке-жеке тапсырмалар мен арнайы мәтіндер беріледі</p>
VI.	Бағалау	2 мин	<p>30-жаттығу (50-бет)</p> <p>Сабаққа қатысуларына қарай бағалау.</p>

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Сөздің мағыналас немесе қарама-қарсы мәнде келетінін тыңдаушыларға терең түсіндіріп, олардың дұрыс сөйлеуін қадағалау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, анықтамалық құрал, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Заң терминдерін жаттау. Мәтінді аудару, 30-жаттығу (50-бет)

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы

\_\_\_\_\_ Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 3-т, 4-с. Омонимдер, синонимдер, антонимдер

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Омонимдер, синонимдер, антонимдер жайында жалпы мағлұмат беру, отанын, ана тілін сүйуге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушыларды түгелдеп, сабаққа дайындау
II.	Үй жұмысын тексеру	5 мин	Мәтіндер, тапсырмалар мен жаттығулардың орындалған тексеру, сөздіктегі сөздерді сұрау.
III.	Жаңа сабақты түсіндіру  Омоним, синоним, антонимдер туралы түсінік  Олардың анықтамасы, жасалу жолдары  Омоним, синоним, антонимдердің сөз таптарынан жасалу	25 мин	Тілде дыбысталуы бірден бірақ мағынасы басқа сөздер бар. Мысалы: жаз деген (д) сөздің дыбысталуы бірдей бірнеше мағынаға ие сөздер бар. Ыстық жаз, сабақ жаз. Сонымен дыбысталуы бірдей мағыналары әртүрлі сөздерді омонимдер дейміз. Синонимдер деп мағыналық жақтан біріне-бірі ұқсас, мәндес сөздерде айтамыз. М: әдемі, көрікті, ажарлы, келбетті Антонимдер. Тілде мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер бар. Мысалы: Қысқа-ұзын, алыс-жақын.

IV.	жолдары Жаңа сабақты бекіту	12 мин	Мағыналары бір-біріне қарама –қарсы сөздерді антонимдер дейміз. Жаңа сабақты бекіту Жаттығуларды орындау, мәтіндер аудару. Лексикалық тапсырманы толық түсіндіру, Сөздікпен жұмыс жасау. 33-жаттығу. Омонимдерді анықтау. 34-жаттығу. Берілген сөздердің омоним сыңарларын табу. Сабақты жалпылама сұрақтармен қорытындылау. Омонимдер деген не? Олардың полисемиядан ерекшелігі? Антоним, синонимдерге мысал келтіру. 35-жаттығу (52-бет)
V.	Үй тапсырмасын беру	2 мин	Жаттығулар мен мәтіндер, лексикалық материалды қайталау. Сөздер жаттау. «Өтініш» үлгілерін құру.
VI.	Бағалау	3 мин	Білім деңгейлерін бағалау

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Сөздің мағыналас немесе қарама-қарсы мәнде келетінін тыңдаушыларға терең түсіндіріп, олардың дұрыс сөйлеуін қадағалау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, анықтамалық құрал

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Заң терминдерін жаттау, 35-жаттығу (52-бет), «Өтініш» үлгілерін құру

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Тақырып түрі.** 3-т, 5-с. Фразеологизмдер

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушылардың тұрақты сөз тіркесінің ерекшеліктерімен кеңірек таныстырып, білім деңгейін, көркем сөйлеуін көтеру, отанын, ана тілін сүйуге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушыларды түгелдеп, сабаққа дайындау
II.	Үй жұмысын тексеру	5 мин	Мәтінді тексеріп, жаттығуларды, заң терминдерін жатқа сұрау. Лексикалық материалды пысықтау.
III.	Жаңа сабақ  Фразеологизмдер  Идиома туралы түсінік	25 мин	Мағынасы бір тұтас, құрамын өзгертуге, басқа сөзбен алмастыруға болмайтын тіркесті фразеологизм дейміз. Бұндай тіркестер сөздің орнына қолданады. Мысалы, қой аузынан шөп алмас - момын, мұндағы қой сөзінің орнына түйе аузынан шөп алмас деп айта алмаймыз. Мағынасы тұтастығынан айырылады. Сондай-ақ мұндай тіркес көркем, бейнелі бір ұғымды білдіреді. Олардың мағынасы құрамындағы сөздердің мағыналарынан тумайды, басқа мағына береді. Бесіктен белі шықпай – ерте, қас пен көздің

IV.	Сабақты бекіту	12 мин	<p>арасында – шапшаң, ит жанды - көнбіс. Фразеологизмдер сөздің көркемдік мәнерін арттырады. Сондықтан көркем әдебиеттерде кеңінен қолданылады.</p> <p>Фразеологизмдер жазғызып, оларға сөйлемдер құрату, деңгейлеріне байланысты тапсырмалар орындату. Оқулықтағы мәтінді аудару, құрамындағы фразеологизмдерді табу.</p> <p>47-жаттығу. Фразеологизмдерді тауып, мағынасын анықтау.</p> <p>48-жаттығу. Фразеологизмдерге синоним келтіру.</p> <p>Лексикалық материалды түсіндіру. Заң терминдерін жазу. Сөйлемдер құрау.</p> <p>«Қылмыстық іс қозғау туралы қаулы» үлгісімен таныстыру</p> <p>Өтілген сабақ бойынша сұрақтар қойылады.</p>
V.	Үйге тапсырма	2 мин	<p>Фразеологизмнің негізгі ерекшеліктері. Фразеологизмдер қолданып, мәтін құрау.</p> <p>Оқулықтағы жаттығу. 49-жатығу (57-бет)</p>
VI.	Бағалау	3 мин	<p>Сабаққа қатысуларына қарай бағалау</p>

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Сөз тіркестерінің мағыналас немесе ауыспалы мағынада келетінін тыңдаушыларға терең түсіндіріп, олардың қазақ тілінде дұрыс сөйлеуін қадағалау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, анықтамалық құрал, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Заң терминдерін жаттау

Фразеологизмдер қолданып, мәтін құрау

49-жатығу (57-бет)

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 6-с. Лексикадан өткенді қайталау

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушылардың лексика саласы, сөздің мағыналары, тіліміздегі сөздік қор мен сөздік құрам, олардың бүгінгі таңдағы маңыздылығы, жалпы лексика саласы бойынша алған білімдерін бекіту, тілді сүйюге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ой-өрістерін тыңдау, сөйлеу дағдыларын дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	5 мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Сабақ барысы	25 мин	Қайталау сабақ Оқытушы бұл сабақта мейлінше сұрақ-жауап, проблемалық әдістерді кеңінен қолданады
	Лексика		Лексика туралы қайталау төмендегідей жалпы сұрақтар арқылы жүзеге асырылады:
	Омонимдер		1. Лексикологияның салалары?
	Антонимдер		2. Омонимдер, мысалы?
	Синонимдер		3. Антонимдер, мысалы?
	Полисемия		4. Синонимдер, мысалы?
			5. полисемия, мысалы?
III.	Сабақ бекіту	15 мин	Бекіту жаттығулары аралас түрде өтеді, яғни тақтамен, оқулықпен жұмыс, жеке жауап түрлері қатар жүргізіледі. 58-жаттығу. Сөздердің мағынасын анықтау. 59-жаттығу. Берілген сөздерге антоним келтіру



			<p>60-жаттығу. Синонимдер келтіріп, сөйлем құрау.</p> <p>61-жаттығу берілген сөздердің түбірін анықтап, омонимдер келтіру.</p> <p>Сабақты бекіту барысында жаттығу жұмыстарын жүргізіп, сұрақ-жауап әдісі кеңінен пайдаланылады.</p> <p>Заң терминдерінен жаңа сөздер жазу, сөздерден күрделі сөйлемдер құрату.</p> <p>Лексикалық тақырыпты түсіндіріп, өтілген тақырыппен ұштастыру. Арнайы мәтіндермен жұмыс жасау.</p> <p>«Оқиға болған жерді тексеру хаттамасы» үлгісін құру.</p> <p>Заң терминдерін жаттау, сөйлемдер құрау.</p> <p>63-жаттығу (63-бет)</p> <p>Жалпылама сұрақтармен сабаққа қорытынды жүргізу</p> <p>V. Бағалау 2 мин</p> <p>Белсенділік танытқан тыңдаушыларды бағалау</p>
IV.	Үйге тапсырма	3 мин	
V.	Бағалау	2 мин	

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Лексика саласы, сөздің мағыналары, тіліміздегі сөздік қор мен сөздік құрамды түсіндіріп, тыңдаушылардың білімін терең қадағалау, жазба жұмыстарын, аударма жұмыстарын жүргізу арқылы оларды ауызша сөйлеуге дағдыландыру

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Заң терминдерінен 15 сөз жаттау

63-жаттығу (63-бет)

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Тақырып түрі.** 4-т, 1-с. Морфология. Сөздің түбірі мен негізі және оның түрлері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушыларды жаңа морфология тарауымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырып, түсіндіру, сөздердің жасалу жасалу жолдарын түсіндіру, тілді сүюге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ой-өрістерін тыңдау, сөйлеу дағдыларын дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	2 мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Жаңа сабақ	25 мин	Сабақ барысы
	Морфология туралы түсінік		Морфология тілдегі сөздердің құрамын, олардың қызметтеріне қарастыратын тіл білімінің бір саласы. Сөз түрлі бөлшектерден тұрады. Сөз құрамындағы әр бөлшектің өзіне лайықты мағынасы мен қызметі бар. Мысалы: құрысшылардың құрылыс+шы+лар+дың бөлшек түбір деп аталады. Ал оған қосылатын бөлшектері қосымша деп аталады. Тілімізде құрамдары бұдан өзгеше де сөздер бар. Мысалы: бала-шаға, әуежай.
	Сөздердің жұрнақтар арқылы жасалуы		Құрамына қарай беске бөлінеді. 1. Түбір сөз, 2. Туынды 3. Қос сөз. 4. Біріккен сөз. 5. Қысқарған сөз.
	Сөздердің бірігу арқылы жасалуы		Түбір сөз: ас,ер,от.
	Сөздердің қосарлану арқылы		Туынды сөз: асхана, ерлік, оттық. Біріккен сөз: асқазан, кәсіпорын.

III.	жасалуы  Сабақты бекіту	15 мин	Қос сөз: кара-кара, үлкенді-кішілі, ақ-кара. Құрама сөз: жиырма бір, қызыл ту, жылы киім. Қысқарған сөз: БҰҰ, ҚарМУ Жаттығулар мен тапсырмалар орындап, өтілген тақырыпты түсінгенін тексеріп, қадағалау. Сөздер жазып, лексикалық материалдарды түсіндіру 65-жаттығу. Сөздердің түбірін анықтау 66-жаттығу. Сөздерді аудару. Сабаққа қорытынды жасау
IV.	Үй тапсырмасын беру	5 мин	Морфология деген не? Сөздердің жасалуының неше жолы бар? «Қуәгерден жауап алу хаттамасы» үлгісін құру 67-жаттығу (68-бет)
V.	Бағалау	3 мин	Тыңдаушылардың білімін бағалау

### **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Морфлогия туралы, сөздің түбірі мен негізі және оның түрлері туралы кеңінен түсіндіріп, тыңдаушылардың білімін қадағалау, жазба\_жұмыстарын, аударма жұмыстарын жүргізу арқылы оларды ауызша сөйлеуге дағдыландыру

### **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, дидактикалық материалдар

### **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

«Қуәгерден жауап алу хаттамасы» үлгісін құрау

Заң терминдерінен 15 сөз жаттау

67-жаттығу (68-бет)

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Тақырып түрі.** 4-т, 2-с. Қосымшаның түрлері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушыларды қосымша түсінігімен таныстыра отырып, оның түрлерін негізгі ерекшеліктерін түсіндіру, отанын, ана тілін сүйуге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушылардың құрамын тексеріп, сабаққа дайындығын қадағалау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	Үйге берілген жаттығулар мен тапсырмалар сұрап, мәтінді тексеру. Сөздерді сұрау
III.	Жаңа сабақ	25 мин	Түбірге жалғанатын бөлшек қосымша деп аталады. Олар түбірдің соңғы буынының жуан немесе жіңішкелігінне қарай түрленіп отырады.
	Қосымша туралы түсінік		Тіліміздегі қосымша 2 түрлі: жұрнақ, жалғау. Жұрнақ деп өзі жалғанған сөздің мағынасын өзгертетін қосымшаны айтамыз.
	Жалғаулар		Мысалы: киім-ки+ім.
	Жұрнақтар		Сөз бен сөзді байланыстырып, екі сөзді дәнекерлейтін қосымшаны жалғау дейміз.
IV.	Сабақты бекіту	12 мин	М: үй-і-міз-ден. Жұрнақ сөз тудырады, жалғау сөз бен сөзді байланыстырады. Оқулықтағы жаттығуды және тапсырманы орындау. Лексикалық материалды түсіндіру. Заң терминдерін жаттау, сөйлемдер құрау.

V.	Үйге тапсырма	2 мин	71-жаттығу. Түбірлес сөздерді теріп жазу. 72-жаттығу. Түбірлес сөздермен сөйлем құрау. 74-жаттығу. Қос сөздерге аударма жасау. Қосымша деген не? Жұрнақ пен жалғаудың ерекшеліктері?
VI.	Бағалау	3 мин	Заң терминдерін жаттау, мәтінді аудару, жаттығулар. «Адамды тексеру хаттамасы» үлгісін құру. 76-жаттығу (75-бет) Тыңдаушыларды бағалау

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды қосымшамен, оның түрлерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

«Адамды тексеру хаттамасы» үлгісін құру

Заң терминдерінен 15 сөз жаттау

76-жаттығу (75-бет)

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Тақырып түрі.** 3-с. Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші жұрнақтар

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушыларды қосымша түсінігімен таныстыра отырып, жұрнақтың түрлерін, сөз тудыру ерекшеліктерін түсіндіру, отанын, на тілін сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушылардың құрамын тексеріп, сабаққа дайындығын қадағалау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	Үйге берілген жаттығулар мен тапсырмалар сұрап, мәтінді тексеру. Сөздерді сұрау
III.	Жаңа сабақ  Қосымша туралы түсінік  Жұрнақтар  Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші жұрнақтар	25 мин	Жұрнақтар – сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналарын өзгертетін формалар. Лексикалық мағына өзгертетін жұрнақтар немесе сөз тудыратын формалар сөздің атайтын зат-құбылыстарын өзгертеді. Мысалы, оқу сөзіне –шы жұрнағы жалғанғанда сөз түбірі қимыл атауы, яғни етістікті –шы жұрнағы сөзді зат атауына айналдырса, -лық жұрнағы кітаптың бір түрін атап тұр. Грамматикалық мағына өзгертетін жұрнақтар, немесе сөз түрлендіретін формалар, сөздің атайтын зат құбылыстарын, лексикалық мағынасын емес, формасын ғана өзгертеді. Мысалы,

IV.	Сабақты бекіту	12 мин	<p><b>кет</b> сөзіне –<b>кен</b> деген жұрнақ қимыл-қозғалыстың болып кеткендігін немесе етістіктің өткен шағын, <b>-пек</b> деген жұрнақ қимыл-қозғалыстың енді болатындығын немесе етістіктің келер шағын білдіріп тұр.</p> <p>1-тапсырма. Бап пен сөздіктерден жұрнақтарды табыңыздар, сөз түрлендіруші бір, сөз тудырушыны екі сызыңыздар.</p> <p>94-бап. Тәртіптік жазалар.</p> <p>1.Еңбек тәртібін бұзғаны үшін, яғни қызметкерлердің кінәсінен оған жүктелген еңбек міндеттерінің орындалмағаны үшін жұмыс беруші тәртіптік жазалардың мынадай түрлерін қолдануға</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ескерту жасауға;</li> <li>2) сөгіс беруге;</li> <li>3) осы Заңның 26-бабының 9-12-тармақтарна сәйкес жеке еңбек шартын бұзуға құқылы.</li> </ol> <p>Тапсырма. Терминдерді жаттап, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.</p> <p>өзін-өзі өлтіру – самоубийство, өлімнің келген уақыты – время наступления смерти, өлім жазасы – смертная казнь, өтірік өсек – донос, өтірік хабарлау – ложный донос.</p> <p>Мәтін аудару, сөздік жазу жұмыстарын жүргізу</p> <p>Қосымша деген не? Жұрнақ пен жалғаудың ерекшеліктері?</p>
VI.	Үйге тапсырма	2 мин	<p>Заң терминдерін жаттау, мәтінді аудару, жаттығулар. «Жәбірленуші ретінде тану туралы қаулы» үлгісін құру</p>
VII.	Бағалау	3 мин	<p>78-жаттығу (75-бет)</p> <p>Тыңдаушыларды бағалау</p>

### **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды қосымшамен, оның түрлерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу

### **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, дидактикалық материалдар

#### IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау

«Жәбірленуші ретінде тану туралы қаулы» үлгісін құру  
Заң терминдерінен 15 сөз жаттау, 78-жаттығу (75-бет)

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы

**Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 4-т, 4-с. Жалғаудың түрлері. Көптік жалғау

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушыларға көптік жалғауы, көптік мағына беретін ұғымдар туралы түсіндіру, отанын, ана тілін сүюге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа, ата заңымызды қадірлеуге тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау, сөйлеу дағдыларын, зейін-қабілеттерін дамыту.

#### I. Сабақ жоспары

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушылардың құрамын тексеріп, сабаққа дайындығын қадағалау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	Үйге берілген жаттығулар мен тапсырмалар сұрап,мәтінді тексеру. Сөздерді сұрау
III.	Жаңа сабақ  Көптік жалғау  Көптік мағына беретін сөздер	25 мин	Тіліміздегі көптік жалғауы <b>-лар; -лер; -дар; -дер; -тар; -тер;</b> тұлғалары арқылы жасалады. Сонымен қатар көптік жалғауынсыз көптік ұғымдарды білдіретін сөздер бар. Олардың қатарына санауға келмейтін немесе әу бастан саны белгілі зат атаулар жатады. Мысалы: шаш, қант, ұн, көз т.б. Оқулықтағы жаттығуды және тапсырманы орындау. Лексикалық материалды түсіндіру. Заң терминдерін қатыстырып, сөйлемдер құрау.
IV.	Сабақты бекіту	12 мин	



V.	Үйге тапсырма	3 мин	80-жаттығу. Сөздерге кесте бойынша қосымша жалғау. 81-жаттығу. Сөздердің жалғауын анықтау. Қосымша деген не? Жұрнақ пен жалғаудың ерекшеліктері?
VI.	Бағалау	2 мин	Заң терминдерін жаттау, мәтінді аудару, жаттығулар. «Баянаттар» үлгісін құру Тапсырма (79-бет) Тыңдаушылар білімін бағалау

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды көптік жалғауымен, оның түрлерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

«Баянаттар» үлгісін құру

Заң терминдерінен 15 сөз жаттау

Тапсырма (79-бет)

---

**Қазақстан Республикасы ПМ  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

**«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.**

**Тақырып түрі.** 4-т, 5-с. Жалғаудың түрлері. Жіктік жалғауы.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушыларға жіктік жалғауы, жақтық ұғымдар туралы түсіндіру, әдет заңдарын оқыту барысында әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу, арнайы мәтінді талдауға кәсіби бағыт-бағдар беру, грамматикалық тапсырмаларды орындау кезеңінде сауатты жазуға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушылардың құрамын тексеріп, сабаққа дайындығын қадағалау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	Үйге берілген жаттығулар мен тапсырмалар сұрап, мәтінді тексеру. Сөздерді сұрау
III.	Жаңа сабақ  Жіктік жалғау	25 мин	Жіктік жалғау тек қана синтаксистік қызмет атқарады. Өйткені жіктік жалғаулы сөз сөйлемде әрдайым баяндауыш қана болады. Жіктік жалғау –баяндауышқа ғана тән жалғау. Жіктеу категориясы – қазіргі қазақ тілінде тек етістікке ғана тән қасиет емес, баяндауыш болып қызмет атқара алатын өзге де сөз таптары соның ішінде есімдерге де тән қасиет. Мысалы: I жақ. Мен тыңдаушымын.

IV.	Сабақты бекіту	12 мин	II жақ. Сен тыңдаушысың. Сіз тыңдаушысыз. III жақ Ол тыңдаушы. 1-тапсырма «Ұшқыш, заңгер, куәгер» сөздерін жекеше, көпше жіктеу. 2-тапсырма Мәтіннен жіктік жалғаулы сөздерді тауып, қайсысы есімдік, қайсысы етістік екендерін ажырату. Сөйлейміз газет бетінен, Қаламнан қаһар төгеміз. Соғамыз жауды шетінен, Қабырғасын сөгеміз. Гарнизонды өзіміз Офицерміз, солдатпыз, Алда шетпе-көзіміз Бақылаймыз барлап біз. Жалпы пысықтау сұрақтары арқылы тақырыпқа қорытынды жүргізіледі.
V.	Үйге тапсырма	2 мин	Заң терминдерін жаттау, мәтінді аудару, жаттығулар. «Сараптама тағайындау туралы қаулы» үлгісін құру. 88-жаттығу (83-бет)
VI.	Бағалау	3 мин	Тыңдаушылар білімін бағалау

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды жіктік жалғауымен, оның түрлерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу.

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Кесте, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

«Сараптама тағайындау туралы қаулы» үлгісін құру

Заң терминдерінен 15 сөз жаттау

88-жаттығу (83-бет)

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 6-с. Жалғаудың түрлері. Тәуелдік жалғау.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу әдістемелік кабинеті

**Сабақтың мақсаттары:** Тәуелдік жалғау түрлері мен беретін мағынасы жайында түсінік беру. Лексикалық тақырыпты оқытуда ұлтын сүйіп,салтын қадірлеуге тәрбиелеу, арнайы мәтінді талдауда кәсіби бағыт-бағдар беріп,сауатты жазып, саналы ойлау қабілеттерін жетілдіру.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеріп, сабақ барысына дайындау.
II.	Үй тапсырмасын тексеру	5 мин.	1. Жіктік жалғаудың анықтамасы. 2. Жіктік жалғауға мысал келтіру. 3.Сөздік дәптерлерін тексеріп, заң терминдерін жатқа сұрау.
III.	Жаңа сабақ а) Түсіндіру (сұрақ-жауап әдістері қолданылады) Тәуелдік жалғау  Iжақ –м,-ым IIжақ –ң,-ың Сіздің –ңыз,-ыңыз IIIжақ –сы,-ы	25 мин.	Жалғау дегеніміз – сөз түбірін түрлендіретін, яғни форма жасайтын қосымша түрі. М. Кітапқа, сарбазсың. Грамматикалық мағына үстеу сипатына қарай жалғаулар септік, жіктік, тәуелдік, көптік жалғау болып бөлінеді. Иеленуші үш жақтың біріне белгілі бір заттың меншікті екенін білдіретін грамматикалық категория тәуелдеу категориясы деп аталады. Яғни заттың меншіктілігін білдіретін жалғауды тәуелдік жалғауы дейміз.Тәуелдік жалғаулары оңаша тәуелдеу және ортақ тәуелдеу деп екіге бөлінді.

	Көпше түрі Іжақ –мыз,- ымыз ІІжақ –ың,- ыңыз ІІІжақ -ы		Бір немесе бірнеше заттың бір ғана адамға меншікті екенін білдіретін тәуелділіктің түрі оңаша тәуелдеу деп аталады. Мысалы: 1. Біздің қағазымыз, қағаздарымыз. 2. Сендердің қағаздарың, қағаздарыңыз 3. Олардың қағазы, қағаздары. Сонымен қатар меншікті мағына сингорманизмге бағынбайтын «-нікі,-дікі,-тікі» қосымшалары арқылы да жасалады. Мысалы: менің кітабым – кітап менікі 82-жаттығу. Тәуелдік жалғаулы сөзді көшіріп жазып, тәуелдік жалғаудың астын сызыңдар. Орысшаға аударыңыздар. 83-жаттығу. Сөздерге тәуелдік жалғауын жалғап, сөйлем құрастырыңыздар. Тапсырма «Қалам, мемлекет, оқулық» сөздерін тәуелдеу.
IV.	Сабақты бекіту	12 мин.	Жалпылама сұрақтар қою арқылы жаңа сабақты бекіту.
V.	Үй тапсырмасы	2 мин.	84-жаттығу. Заң зат есімдерді тауып, тәуелденіздер.
VI.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беремін.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Өтілген материалды пысықтау, жаңа тақырыпты бекіту, қорытындылау кезеңдеріне тексеріледі.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Жазба жұмыстары

83-жаттығу. Сөздерге тәуелдік жалғауын жалғап, сөйлем құрастырыңыздар

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Сабақтың тақырыбы.** 4-т, 7-с.Септік жалғау. Атау, ілік, барыс септіктері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу әдістемелік кабинеті

**Сабақтың мақсаттары:** Тіліміздегі септік түрлері, жалғаулары туралы түсінік беру, лексикалық мәтінді талдау барысында әдептілікке, сыйластыққа тәрбиелеу, грамматикалық тапсырмаларды орындауда білім-біліктерін, тіл сабағына деген ынта қабілеттерін арттыру.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушылардың сабаққа қатысуын, дайындығын қадағалау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Үйге берілген тапсырмаларын тексеру, заң терминдерін сұрау.
III.	Жаңа тақырып. Септік жалғау/атау,ілік, барыс/ а)түсіндіру	25 мин.	Қазақ тілінде септіктің 7 түрі бар. Олар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері. Соның ішінде бүгінгі өтетін атау, ілік, барыс септіктері. Септік жалғаулары – зат есімдердің мағыналарын түрлендіріп, оларды басқа сөздермен байланыстыратын қосымшалар. Атау септіктің сұрақтары Кім? Не? Ілік септік белгілі затты меншіктеуді білдіреді. Оның формалық көрсеткіші –ның, -нің, -дың, -дың, -дің, -тың, -тің, -нікі, -дікі, -тікі. Сұрақтары: Кімнің? Ненің? Барыс септік бағыт-бағдарды, объектіні білдіріп, қимылды білдіретін сөзбен, яғни етістікпен байланысты болады. Барыс септік Кімге? Неге? Қайда? деген сұрақтарға жауап

IV.	Бекіту	12 мин	<p>береді. Формалық көрсеткіші –қа, -ке, -ға, -ге тәуелденген сөзден кейін –на, -не, -а, -е болып жалғанады. Тақтаға мысал (қылмыскер, куәгер) жазып, түсіндіремін.</p> <p>1-тапсырма. Септік тұлғадағы сөздерге талдау жасаңыздар.</p> <p>Асықпаған арбамен қоянға жетер. Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір. Қолыңмен істегенді мойныңмен көтер. Желмен жарыспа, көлеңкеңді кума. Асыл – тастан, ақыл жастан. Көп бейнеттің зейнеті де бар.</p> <p>Топты үш топшаға бөліп, бірінші топшаға 90-жаттығу. Сөздерді кесте үлгісі бойынша септеңіздер.</p> <p>Екінші топшаға 91-жаттығу. Дерек пен сөздіктерден септік жалғауларын тауып, түрлер бойынша ажыратыңыздар.</p> <p>Үшінші топшаға 92-жаттығу. Сөздерге ілік септігін жалғап, сөз тіркесін құрастырыңыз.</p> <p>93-жаттығу. Бағандардан тіркесетін сөздерді тауып жазыңыздар.</p> <p>94-жаттығу. Тәуелділікті беру формаларын салыстырып, аударыңыздар.</p> <p>Жаңа тақырыпты сұрақ-жауап арқылы бекіту.</p>
VI.	Үй тапсырмасын беру	2 мин.	89-беттегі Рәкеттер тобы тұтқындалды. Мәтіндегі барыс септікті сөздерді тауып, мазмұнын баянда.
VII.	Бағалау	3 мин.	Тақырып бойынша сұрақтар қойылады. Тыңдаушылардың білім деңгейлері бағаланады.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды септік жалғауымен, оның түрлерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу

Өткен тақырыпты сұрау, тапсырмалар орындау кезеңдерінде тексеріледі.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мәтінмен жұмыс

**Қазақстан Республикасы ІІМ  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Сабақтың тақырыбы.** 4-т, 8-с. Табыс, жатыс септіктері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу әдістемелік кабинеті

**Сабақтың мақсаттары:** Тіліміздегі септік түрлері, жалғаулары туралы түсінік беру, лексикалық мәтінді талдау барысында әдептілікке, сыйластыққа тәрбиелеу, грамматикалық тапсырмаларды орындауда білім-біліктерін, тіл сабағына деген ынта қабілеттерін арттыру.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушылардың сабаққа қатысуын, дайындығын қадағалау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Берілген үйге тапсырмаларын тексеріп, заң терминдерін сұрау.
III.	Жаңа тақырып. Табыс, жатыс септік жалғаулары	25 мин.	Табыс септігі қимыл объектісін толық қамтып, нұсқап көрсетеді, етістік сөзбен байланысты. Мысалы: кітап+ты оқу, шығарма+ны жазу. Кімді? нені? деген сұрақтарға жауап береді. Формалық көрсеткіші –ты, -ті, -ны, -ні, -ды, -ді тәуелденген сөзге –н болып жалғанады. Жатыс септігі сөздерде тек болған сөйлем мүшелерімен байланысып, мекендік мезгілдік мағыналарды білдіреді. Сұрақтар Кімде? неде? қайда? қашан? кімімде? немде? кімінде? неңде? Жалғаулары: -да,-де, -та, -те, -ында,-інде. Мысалы: бөлме+де, бөлме+сі +нде 97-жаттығу. Бағандардан тіркесетін



IV.	Бекіту	12 мин.	сөздерді тауып жазыңыздар. 98-жаттығу. Сөздерге табыс септігінің жалғауын жалғап, сөйлем құрастырыңыздар. 100-жаттығу. Бағандардан тіркесетін сөздерді тауып жазыңыздар. 103-жаттығу. Жатыс септігіндегі сөздерді тап, қанатты сөзді жаттап алыңыздар. Жаңа тақырыпты сұрақ-жауап әдісі арқылы бекіту. Тақырып бойынша сұрақтар қойылады.
V.	Үй тапсырмасы	2 мин.	Септік сұрақтары, жалғаулары. «Бастық» сөзін септеу. 101-жаттығу. Сөздерге жатыс септігінің жалғауын жалғап, сөйлем құрастырыңыз.
VI.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушылар білім деңгейлері бағаланады.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды септік жалғауымен, оның түрлерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу

Өткен тақырыпты сұрау, тапсырмалар орындау кезеңдерінде тексеріледі.

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Септік жалғаулардың сұрақтары (жаттау)
  2. «Бастық» сөзін септеу
  3. Жазба жұмысы
-

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ **201 ж.**

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 9-с. Шығыс, көмектес септіктері.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Тіліміздегі септік түрлері, жалғаулары туралы түсінік беру, лексикалық мәтінді талдау барысында әдептілікке, сыйластыққа тәрбиелеу, грамматикалық тапсырмаларды орындауда білім-біліктерін, тіл сабағына деген ынта қабілеттерін арттыру.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3мин	Тыңдаушылардың сабаққа қатысуын, дайындығын қадағалау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Берілген жазба жұмыстарын тексеріп, заң терминдерін жатқа сұрау.
III.	Жаңа тақырып Септік жалғау а) түсіндіру	25 мин.	Шығыс септіктегі сөздер де етістіктен болған мүшемен байланысып, қимылдың орнын, мезгілін, себебін, нәрсенің неден істелетінін білдіреді. Сұрақтары: Кімнен? Неден? Қандай? Қашаннан? Кімімнен? Жалғаулары –нан,-нен,-дан,-ден-тан,-тен. Мысалы: Қаладан, үйінен. Көмектес септіктегі сөздер етістіктермен тіркесіп, іс-әрекеттік құрамын, тәсілік және амалын білдіреді. Сұрақтары: Кіммен? немен? Кіміммен? Неммен? Кімніңмен? Жалғаулары: -мен,-меннен,-бен,-бенен,-пен,-пенен. Мысалы: Маратпен Көмектес септік жалғаулары тілімізде үндестік заңына бағынбайды. 95-жаттығу. Шығыс септік жалғаулы сөзге

IV.	Бекіту	12 мин.	тіркесетін етістіктерді тауып, сөйлем құрастырыңыздар. 94 беттегі Мағжан Жұмабаев мәтінінен шығыс септігіндегі сөздерді тауып, мазмұнын баяндаңыздар. Терминдерді жаттап, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар. Нұқсан, залал - ущерб Объективті құқық – объективное право Оқиға болған жер – место происхождения Оқиға болған жерді қарау - осмотр места Оқпен атылатын қару – огнестрельное оружие «Тергеушіні асып кетті» деген мәтіндегі көмектес септік жалғаулы сөздерді тауып, мазмұнын баяндаңыздар. Жаңа сабақты сұрақ-жауап әдісі арқылы бекітемін. 108-жаттығу. Сөзжұмбақты шешіп, шығыс, көмектес септіктеріне септе және сөйлем құрастырыңыздар.
V.	Үй тапсырмасы	2 мин.	105-жаттығу. Заң терминдер жаттау. 95, 98-беттегі заң терминдерді сөздік дәптерлеріне жазып, жаттап келу.
VI.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беремін.

### **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды септік жалғауымен, оның түрлерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу

Өткен тақырыпты сұрау, тапсырмалар орындау кезеңдерінде тексеріледі.

### **III.Сабақтың материалдық қамтамасз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, дидактикалық материалдар

### **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Септік жалғаулардың сұрақтары (жаттау)
2. Заң терминдерді жаттау
3. Сөздік жұмыс

**Қазақстан Республикасы ІІМ  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

**«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.**

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т,10-с. Сөз таптары. Зат есім.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушыларға сөз таптары туралы түсінік беріп, зат есімге тоқталып, жасалуы мен түрлерін жан-жақты түсіндіру. Лексикалық мәтіндерді талдауда адамгершілікке, амандылыққа тәрбиелеу, арнайы мәтінді ақыл, ресми, іс-қағаздар үлгілерімен таныстыруда кәсіби бағдар беру, грамматикалық тапсырмаларды орындағанда іскерлік, жауапкершілік қасиеттерін арттыру.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жаттығуларды тексеріп, мәтіндер мен тапсырмаларды сұрау. Заң терминдерді жаттау.
III.	Жаңа сабақты түсіндіру  1.Зат есім 2.Зат есімнің қызметі 3.Орыс тіліндегі зат есім категориясынан айырмашылығы 4.Жалқы есімдер 5.Жалпы есімдер 6.Сөз таптарының түрлері	25 мин.	Заттың атын білдіріп, кім? не? деген сұраққа жауап беретін сөздер зат есім деп аталады. М: Әке, шеше, орындық. Зат есім жалпы есім және жалқы есім болып екіге бөлінеді. Біркелкі заттардың жалпы атауы , жалпы есім деп аталады. Оқушы,тау,құс,т.б. Заттардың даралап, жекеле түріне ғана қойылатын ерекше аты жалқы есім. Зат есім негізгі және туынды зат есім, күрделі зат есім болып бөлінеді. Зат есімдер бірігу, қосарлану, бірігу, тіркесу арқылы да жасалады. Сөз

	<p>Есім сөзден сын есім тудыратын жұрнақтар</p>	<p>таптарының қазақ тілінде 9 түрі: олар: Зат есім,сын есім,сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер, шылау, одағай.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. –шы, -ші: күзетші, тракторшы, малшы, қойшы.</li> <li>2. –шылық, -шілік: адамшылық, молшылық, кемшілік.</li> <li>3. –лас,- лес, -дас, -дес, -тас, -тес: Одақтас, сабақтас, замандас, бауырлас, жолдас.</li> <li>1.лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: ауыздық, орындық, түндік, батырлық, күнделік, жылдамдық, үлкендік.</li> <li>2.хана: аурухана, асхана, кітапхана.</li> <li>3.ист, -ат, -ир: тракторист, секретариат, командир.</li> </ol> <p>Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе:көрме, қойма, көмбе, сүзбе, қақпа, қырғын.</li> <li>2. –қын, -кін, -ғын, -гін: қашқын, тасқын, ұшқын, тізгін, қырғын.</li> <li>3. –ынды, -інді, -нды, -нді: қорытынды, ерітінді, үгінді,жуынды, сыпырынды.</li> <li>4. –ын, -ін, -н, егін, түйін, буын, сауын, толқын, жауын.</li> <li>5. –мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек: шақпақ, тізбік, батпақ, сырмақ, ілмек, піспек, құймақ, өрмек.</li> <li>6. –ақ, -ек, -қ, -к, -ық, -ік: орақ, қонақ, жүрек, жатақ, күрек, сұрақ, тарақ, сызық.</li> <li>7. –қы, -кі, -ғы, -гі: шалғы, бұрғы, сүзгі, ашытқы.</li> <li>8. –у: қашау, егеу, тұсау, сұрау, жалғау.</li> <li>9. –ым, -ім, -м: бөлім, сөйлем, жем, білім, тыным.</li> <li>10. –ыс, -іс, -с: соғыс, жарыс, жеңіс, айтыс.</li> <li>11. –қыш, -кіш, -ғыш, -гіш: басқыш, сүзгіш, қырғыш, сорғыш, алжапқыш.</li> <li>12. –ыш, -іш: қуаныш, күйініш, сүйініш, қызғаныш.</li> </ol> <p>112-жаттығуды орындау.</p>
--	---	--

IV.	Бекіту	12 мин.	<p>Тапсырма: Сөйлемдегі қарамен жазылған зат есімдерді құрамына қарай талдаңыздар және морфологиялық талдау жазыңыздар.</p> <p>1. <b>Түн</b> мен күн ауысқандай бақташы мен күзетші орын ауыстырды.2. Жиналып тұрған <b>жұртшылық</b> ойланып қалғандай болады.3. Атынан түсіп, киімін шешіп, <b>Сәрсенбай</b> ұзын <b>құрықшасын</b> ала <b>серкелерін</b> бойдақтап алға шығарды.4. Әлден уақытта қолында <b>ойыншық</b> тракторы бар Нариман келді.5. <b>Надандық – жүректің настығы.</b></p> <p>103-беттегі тапсырманы орындау. Терминдерді жаттап, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңдар. Жалпылама сұрақтар қойып, жаңа сабаққа қорытындылау.</p>
V.	Үй тапсырмасы	2 мин.	<p>111-жаттығу. Мәтіннен негізгі және көмекші сөздерді тауып, мазмұнын баяндаңыздар. Заң терминдер жаттау. (Заңгерлерге арналған Қазақ тілі, 101-б</p>
VI.	Бағалау	3 мин.	<p>Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беремін.</p>

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды зат есіммен, оның түрлерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу. Жаңа тақырыпты қабылдау барысын, берілген жаттығулардың орындалуын тексеру.

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу- әдістемелік құралдары

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Сөз таптарын жаттау

Зат есімнің анықтамасын жаттау

Заң терминдерін жаттау

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 11-с. Сын есімнің түрлері мен түрленуі.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Тақырыпты меңгерту, лексикалық мәтіндерді талдауда адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу, арнайы мәтінді оқып, ресми іс-қағаздар үлгілерімен таныстыруда кәсіби бағыт-бағдар беру, грамматикалық тапсырмаларды орындағанда іскерлік, жауапкершілік қасиеттерін арттыру.

**I.Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Үйге берілген тапсырмаларын тексеріп, заң терминдерін жатқа сұрау.
III.	Жаңа тақырыпты түсіндіру Сын есімнің түрлері мен түрленуі	25 мин.	Сын есім заттың сапасын, сипатын қасиетін, көлемін, салмағын, түсін және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика – грамматикалық сөз табын айтамыз. Мысалы: ақ, сары, үлкен, кең т.б. Мағынасына қарай сапалық және қатыстық сын есімдер болып екіге бөлінеді. Заттың түр-түсін, сыр-сипатын, сапа белгісін білдіретін сын есімдер <u>сапалық сын есімдер</u> деп аталады: әдемі, ыстық, суық... Белгілі бір заттың сын-сипаты мен белгісін басқа бір заттың қатысы арқылы

IV.	Бекіту	12 мин.	<p>білдіретін сын есімдер <u>қатыстық сын есімдер</u> деп аталады: еріншек, әлді, күшті, өткір. Жасалу жолына қарай: негізгі, туынды. Құрамына қарай. Дара (үлкен) Күрделі 1) сөз тіркесі (сары ала) 2) қос сөздер: (биік-биік)</p> <p>1-тапсырма. Мәтіннен сапалық, қатыстық сын есімдерді бөлек-бөлек жазу.</p> <p>Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. Жақсы ат далаға тастамайды. Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала. Таза, мінсіз асыл тас-су түбінде жатады. Адал адам арын саудаламайды.</p> <p>113-жаттығу. Сын есімдерді тиісті зат есімдермен сөйлем құрастырыңыздар. Жаңа тақырыпты сұрақ-жауап әдісі арқылы бекіту.</p>
V.	Үй тапсырмасын беру	2 мин.	114- жаттығу. Түбір мен туынды сын есімдерді табыңыз. 192- беттегі «Г» әріпіне заң терминдерді жаттау.
VI.	Бағалау	3 мин.	Сабақты қорытындылап, тыңдаушыларды бағалау.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды сын есіммен, оның түрлерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу. Берілген тапсырмаларды тексеру, жаттығу жұмыстарын орындау кезеңдерінде бағаланады.

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Жазбаша жұмыс
2. Заң терминдер



**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 12-с. Сын есімнің шырайлары.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Тақырыпты меңгерту, лексикалық мәтіндерді талдауда адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу, арнайы мәтінді оқып, ресми іс-қағаздар үлгілерімен таныстыруда кәсіби бағам беру, грамматикалық тапсырмаларды орындағанда іскерлік, жауапкершілік қасиеттерін арттыру.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Үйге берілген тапсырмаларын тексеріп, заң терминдерін жатқа сұрау.
III.	Жаңа сабақ түсіндіру Сын есімнің түрленуі және шырайлары	25 мин.	Жазба жұмыстарын тексеру. Заң терминдеріне тоқталу. Шырай – бір заттың түр-түсі, сапалықтарының айырмашылықтарын көрсететін категориялық формалар. Сын есімнің шырайлары: 1) салыстырмалы шырай: биік үй, жақсы ат. 2) салыстырмалы шырай: -рақ,-рек: сарырақ,кішірек -лау,-леу,-дау, -деу,-тау,-теу: -қыл,-ғыл,-қылт,-ғылт: -шыл,-шіл,-шылтым,-шілтім

IV.	Бекіту	12 мин.	-аң,-қой,-ғыш,-ілдір: 3) Күшейтпелі шырай: ап-аласа, жап-жаман, күп-күрең... 4) Асырмалы шырай – «аса, өте, тым, нағыз... сөздерінің тіркесіп келуінен. Мысал: тым жақсы, өте кішкентай. 115-жаттығу. Жай шырайдағы сын есімдерге басқа шырай түрлерінің жұрнақтарын жалғаңыздар, сөз тіркесі, сөйлем құрастырыңыздар. 116-жаттығу. Сөйлемдегі сын есімдердің шырай түрлеріне ажыратып, мәтінді аударыңыздар. Сөздік жұмыс. 106-беттегі терминдерді сөздік дәптерлеріне жазып, сөйлем құрастырыңыздар. Жаңа сабақты сұрақ-жауап әдісі арқылы бекітемін. Сын есім тақырыбына жалпы қорытынды жасау.
V.	Үй тапсырмасын беру	2 мин.	106-беттегі мәтінді аударып, сын есімдерді тауып, шырай түрлерінің жұрнағын жалғаңыздар.
VI.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беру.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды сын есімнің шырайларымен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу. Берілген тапсырмаларды тексеру, жаттығу жұмыстарын орындау кезеңдерінде бағаланады.

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мәтінмен жұмыс

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

**Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 13-с.Сан есімнің түрленуі мен түрлері. Есептік, реттік сан есімдер.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Сан есім туралы толық түсінікберу,тілін, дінін, салт-дәстүрін қадірлеуге тәрбиелеу,ресми іс-қағаздар жүргізу, біліктіктерін жетілдіру, тіл сабақтарына деген ынта қабілеттерін,сөйлеу дағдыларын дамыту, арнайы мәтінді талдау барысында кәсіби бағыт-бағдар беру.

**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Үйге берілген тапсырмаларын тексеру.
III.	Жаңа тақырыпты түсіндіру /сұрақ жауап, проблемалық әдістер қолданылады/. 1.Сан есімнің түрлері мен түрленуі	25 мин.	Сан есім – заттың сан-мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Қанша? неше? нешінші? нешеу? деген сұрақтарға жауап береді. Мағынасына және жасалу жолдарына қарай есептік, реттік, болжалдық, жинақтық, топтық және бөлшектік сан есімдер болып алтыға бөлінеді. Сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады. Құрамына қарай: дара (бес екінші) Күрделі (он бес, бес жүз, елу мың) Мағынасына қарай бөлінуі: 1)

IV.	Бекіту	12 мин.	<p>Есептік сан есім- Неше? Қанша?жүз елу, жиырма бес.</p> <p>2. реттік сан есім – Нешінші? –інші, бірінші,жетінші (-ыншы, -інші, -ншы, -нші)</p> <p>3) жинақтық сан есім – нешеу?-ау,еу. Бірден жетіге дейін – біреу.</p> <p>4) Болжалдық сан есім –неше? Қай шама елулеге, жетпістерде, жүз қаралы, бес-алты</p> <p>5) Топтау сан есім – нешеден? қаншадан? Отыздан, екі-екіден</p> <p>6) бөлшектік сан есім –оннан бес немесе онның бесі, бес жарым, екі ширек.</p> <p>117-жаттығу. Сөздерді үлгі бойынша сан есімнің түрлеріне жұрнақ жалғап жазыңыздар.</p> <p>2 тапсырма. Мәтіндегі сан есімдерді мағыналық түрлеріне ажырату. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Бірінші байлық- денсаулық, Екі тіл білсең – екі адамның. Бес нәрсеге асық бол. Алыстан жүз қыралы көл көрінеді. Тапсырманың үштен бірі орындалды. Жауынгер екі-екіден сапқа тұрады. Сұрақ –жауап әдісі арқылы тақырыпты пысықтау жүргізіледі.</p>
V.	Үй тапсырмасы	2 мин.	203- беттегі «О» әріпіне 20 сөз жаттау.
VI.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушылардың білімдері бағаланады.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды сан есімімен, оның түрлерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу. Тапсырмалардың орындаласын тексеру, тақырып бойынша жаттығулар орындау кезеңдерінде бағаланады.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Мақал-мәтел, нақыл сөздер жазу /сан есім/

## 2. Заң терминдерді жаттап келу

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 14-с. Жинақтық , болжалдық сан есімдер.**Сабақ түрі.** Тәжірибелік**Уақыты.** 50 минут**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы**Сабақтың мақсаттары:** Сан есім туралы толық түсінік беру, тілін, дінін, салт-дәстүрін қадірлеуге тәрбиелеу, ресми іс-қағаздар жүргізу біліктіктерін жетілдіру, тіл сабақтарына деген ынта қабілеттерін, сөйлеу дағдыларын дамыту, арнайы мәтінді талдау барысында кәсіби бағыт-бағдар беру.**I. Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Үйге берілген тапсырмаларды тексеру.
III.	Жаңа тақырыпты түсіндіру	25 мин.	Жинақтық сан есімдер заттың жинақталған санның білдіреді. Сұрақтары: Нешеу?-ау,-еу жұрнағы арқылы жасалады. Бірден жетіге дейінгі есептік саннан жасалады. Мысалы: біреу. Болжалдық сан заттың санын шамамен, болжалдап қана білдіреді. Сұрақтары: қанша? неше? қаншадай? нешеге жуық? Болжалдық сан есептік саннан бірнеше жолмен жасалады.1. Жұрнақтар арқылы жасалады: а) –даған (-деген), -таған, (- теген), -лаған (-леген): қырықтаған (40-

IV.	Бекіту	12 мин.	таған), жиырмалаған (20-лаған). ә) –дап (-деп), -тап (-теп), -лап (-леп): ондап, бестеп, алтылап. б) –дай (-дей), -тай (-тей): мыңдай, алпыстай. 108-беттегі тапсырманы орындау. Тапсырма. Күрделі, дара сан есімдерді ажыратыңыздар. Отыз, он алты, елу, тоқсан, жүз алпыс жеті, бір мың тоғыз жүз алпыс үшінші, сексен алты, он бір, екі жүз, елу бес, жетпіс, мың, тоғыз. 118-жаттығу. Сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырыңыз. Жаңа тақырыпты сұрақ–жауап әдісі арқылы тақырыпты пысықтау жүргізіледі.
V.	Үй тапсырмасы	2 мин.	109-беттегі терминдерді жаттап, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.
VI.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушылардың білімдері бағаланады.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды жинақтық, болжалдық сан есімдерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу. Тапсырмалардың орындаласын тексеру, тақырып бойынша жаттығулар орындау кезеңдерінде бағаланады.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Жазба жұмысы
2. Заң терминдерді жаттап келу

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 15-с. Топтау және бөлшектік сан есімдер.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Сан есім туралы толық түсінік беру, тілін, дінін, салт-дәстүрін қадірлеуге тәрбиелеу, ресми іс-қағаздар жүргізу біліктіктерін жетілдіру, тіл сабақтарына деген ынта қабілеттерін, сөйлеу дағдыларын дамыту, арнайы мәтінді талдау барысында кәсіби бағыт-бағдар беру.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Үйге берілген тапсырмаларды тексеру.
III.	Жаңа тақырып. Топтау және бөлшектік сан есімдер	20 мин.	Топтау сан есімдері белгілі топтағы заттың санын білдіреді, олар есіптік санның қосарланып, соңғы сыңарына шығыс септік жалғауы қосылу арқылы жасалады: он-оннан, бес-бестен. Сұрақтары: нешеден? қаншадан? –дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен. Заттың бөлшегінің санын бөлшектік сан есімдер білдіреді, олар есептік сандардың шығыс, ілік септік, тәуелдік жалғауларында тұрып тіркесу арқылы, жарым, жарты, ширеу сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады: оннан бір, бес жарым, үш

IV.	Тапсырма	10 мин.	ширек. Төмендегі сан есімдерді емле ережелері бойынша жақшада көрсетілген қосымшалармен, сөздермен тіркестіріп жазыңыздар. 10 – 15, X, 7, 1000, XXII, 3, 120, 50, 40, 2, 8, 70, 4, 30, тоқсан сегізінші, елу бесінші. (том, -даған, мектеп, тоқсан, -теген, -тен, класс, съезд, көмір, -лерде, үй, -ден, -дей, -те, жыл, -тарда). Заң терминдерімен сөйлем құрастырыңыз.
	Сөздік жұмыс		Іс жүргізу нормалары – процессуальные нормы, Іссапар – командировка, Істі қайта қарау – пересмотр дела, Ұрлық – кража, Тінту – обыск, Ұсақ ұрлық – мелкая кража, Талап – иск, Өркениет – цивилизация.
V.	Бекіту	7 мин.	Жаңа тақырыпты сұрақ –жауап әдісі арқылы тақырыпты пысықтау жүргізіледі.
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	Топтау және бөлшектік сан есімдермен 10 сөйлем құрастырындар. 210-беттегі «Р» әріпіне 20 сөз жаттау.
VII.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушылардың білімдері бағаланады.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды топтау және бөлшектік сан есімдерімен таныстыра отырып, олардың дұрыс сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету, сауатты сөйлеуге баулу. Тапсырмалардың орындаласын тексеру, тақырып бойынша жаттығулар орындау кезеңдерінде бағаланады.

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Сөйлем құрастыру
2. Заң терминдерді жаттап келу



**Қазақстан Республикасы ПМ  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 16-с. Есімдіктің түрленуі мен мағыналық түрлері.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория

**Сабақтың мақсаттары:** Есімдік туралы толық түсінік беру, лексикалық мәтінді талдау барысында әдептілікке, сыйластыққа тәрбиелеу. Іс-қағаздар жүргізудің үлгілерін көрсетіп, біліктіліктерін арттыру, кәсіби-бағыт бағдар беру.

**I.Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жаттығулар мен тапсырмаларды тексеру, заң терминдерін сұрау
III.	Жаңа сабақ Есімдік туралы шолу Есімдіктің түрлері	20 мин.	Есімдіктер заттың атын, сынын, санын білдірмейді, зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына жұмсалады. Есімдіктер тұлғасына қарай: негізгі (мен, сен, не, кім), туынды (біреу,мынау, қандай, барлы); Құрамына қарай: дара (ол, анау,қанша, сонау), күрделі (бірнеше, ешкім, әрбір,кімде-кім); Есімдіктер мағынасына қарай 7 топқа бөлінеді: 1) жіктеу есімдігі, 2)сілтеу есімдігі, 3)сұрау есімдігі, 4) өздік есімдігі, 5)болымсыздық есімдігі, 6)жалпылау есімдігі, 7)белгісіздік есімдігі.
IV.	Оқулықпен жұмыс	10 мин.	Жаттығулар орындау. 119-жаттығу.

V.	Бекіту	7 мин.	Есімдіктерді тауып, қай түріне жататынын, қалай түрленуін анықтаңыздар. 120-жаттығу. Есімдіктерді тауып, оларды қатыстырып сөйлем құрастырыңыздар. «Золотые» шпалы мәтінін қазақ тіліне аударыңыздар. Жаңа сабақты сұрақ-жауап әдісі арқылы қорытындылаймын. Заң терминдерін жазу.
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	Есімдік түрлеріне мысал келтіру. 211-беттегі «С» әріпіне 20 сөз жаттау.
VII.	Бағалау	3 мин.	Есімдіктерді жаттау Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беремін.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Берілген тапсырмаларды тексеру, жаттығу жұмыстарын орындауды қадағалау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары деңгейлік карточкалар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1.Есімдік түрлеріне мысал келтіру

2. Заң терминдерін жаттау

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

**«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.**

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т,17-с. Сілтеу және өздік есімдіктері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны:** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Есімдік туралы толық түсінік беру, лексикалық мәтінді талдау барысында әдептілікке,сыйластыққа тәрбиелеу, іс-қағаздар жүргізудің үлгілерін көрсетіп, біліктіліктерін арттыру, кәсіби бағыт-бағдар беру.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>

I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жаттығулар мен тапсырмаларды тексеру, заң терминдерін сұрау
III.	Жаңа сабақ	20 мин.	Есімдіктер мағынасына қарай 7 топқа бөлінеді: 1) жіктеу есімдігі, 2) сілтеу есімдігі, 3) сұрау есімдігі, 4) өздік есімдігі, 5) болымсыздық есімдігі, 6) жалпылау есімдігі, 7) белгісіздік есімдігі. Белгілі бір жақтың ұғыммен байланысты қолданылатын есімдіктің түрі жіктеу есімдігі дейді. М: мен, сіз, сен, ол. Жіктеу есімдігі тәуелденбейді, олар септеледі. Сілтеу есімдігі меңзеу, нұсқау, көрсету мағынасын береді. М: Бұл, сол ол, осы, осынау, сонау т.б. Жауап алу мақсатымен сұрау мағынасында қойылған сұрақтар сұрау есімдігі болады. Кім? Не? Қандай? Өздік есімдігіне өз деген бір ғана сөз жатады. М. Өз баласы баланың өзі. Бұлар тәуелденіп барып септеледі.
IV.	Оқулықпен жұмыс	10 мин.	Тапсырма. Терминдерді жаттап, сөз тіркестерімен сөйлем құрастыру. Доверенность-сенімхат. Заявитель-қорғаушы. Заранее обдуманый умысел- алдын ала ойластырылған қасақаналық. Изъятие имущества – мүлікті алып қою. Изолятор временного содержания – уақытша ұстау қапасы. Косвенные доказательства – жанама дәлелдемелер. Мәтінді аудару.«Два негодяя на заначку пенсионерки»
V.	Бекіту	7 мин.	Сұрақ –жауап әдісі арқылы қорытынды жасаймын.
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	Есімдіктердің анықтамасын жаттау. Есімдіктерді қатыстырып 5 сөйлем құрастырыңыздар.
VII.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушыларға баға қойып,

			түсініктеме беремін.
--	--	--	----------------------

**II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Берілген тапсырмаларды тексеру, жаттығу жұмыстарын орындауды қадағалау.

**III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар деңгейлік карточкалар

**IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Есімдіктің анықтамасын жаттау
2. Сөйлем құрастыру

**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Кафедра бастығы**

\_\_\_\_\_ **Ш.Ш.Жалмаханов**

**«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.**

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 18-с. Сұрау және жалпылау есімдіктері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Есімдік туралы толық түсінік беру, лексикалық мәтінді талдау барысында, әдептілікке сыйластыққа тәрбиелеу. Іс-қағаздар жүргізудің үлгілерін көрсетіп, біліктіліктерін арттыру, кәсіби бағыт-бағдар беру.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жаттығулар мен тапсырмаларды тексеру, заң терминдерін сұрау.
III.	Жаңа сабақ Сұрау есімдігі, жалпылау есімдігі.	20 мин.	Жалпылау есімдігі жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіреді. Мысалы: бар, барша, бүкіл, түгел, тегіс. Сұрау есімдіктері мыналар: кім? не? неше? қанша? қай? қайда? қайдан? қалай? қашан? қайсы? қандай? нешеу? нешінші?
IV.	Жаттығулар орындау (Қазақ тілі пәніне арналған жаттығулар жинағы Қ-2008)	10 мин.	23-жаттығуды орындау. (Жаттығулар жинағы 9-бет.) 24-жаттығу. Қате жазылған сөздерді дұрыс жазыңыздар. (Жаттығулар жинағы 9-бет) 29-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыздар. (11-бет)
V.	Бекіту	7 мин.	Сұрақ-жауап әдісі арқылы бекіту.
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	Есімдік түрлеріне мысал келтіру. Есімдіктердің анықтамасын, 199-беттегі «Л» әріпіне 20 сөз жаттау.
VII.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беремін

--	--	--	--

**II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Берілген тапсырмаларды тексеру, жаттығу жұмыстарын орындауды қадағалау

**III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары, деңгейлік карточкалар

**IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Есімдік түрлеріне мысал келтіру
  2. Заң терминдерін жаттау
  3. Есімдіктер түрлерін жаттау
-

**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 19-с.Болымсыздық және белгісіздік есімдіктер.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Есімдік туралы толық түсінік беру, лексикалық мәтінді талдау барысында,әдептілікке сыйластыққа тәрбиелеу. Іс-қағаздар жүргізудің үлгілері көрсетіп, біліктіліктерін арттыру, кәсіби бағыт-бағдар беру.

**I.Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жаттығулар мен тапсырмаларды тексеру, заң терминдерін сұрау
III.	Жаңа сабақ сұрау есімдігі, жалпылау есімдігі	20 мин.	Жалпылау есімдігі жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіреді.М. бар, барша, бүкіл, түгел, тегіс. Сұрау есімдіктері мыналар: кім? не? неше? қанша? қай? қайда? қайдан? қалай? қашан? қайсы? қандай? нешеу? нешінші?
IV.	Мәтінмен жұмыс	10 мин.	21-беттегі Солтүстік Қазақстан облысы деген мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыздар. (Жаттығулар жинағы) Заң терминдерімен сөйлем құрастырыңыз. Доследование – қосымша тергеу, қайта тергеу. Жалоба – шағым. Заговор – қаскүнемдік, сөз байласу. Завещание - өсиет.
V.	Бекіту	7 мин.	Сұрақ-жауап әдісі арқылы бекітемін.
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	200-беттегі «Н» әріпіне 30 сөз жаттау. Сол заң терминдерін



VII.	Бағалау	3 мин.	қатыстырып 5 сөйлем құрастыру. Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беремін
------	---------	--------	--

**II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Берілген тапсырмаларды тексеру, жаттығу жұмыстарын орындауды қадағалау

**III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары деңгейлік карточкалар

**IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Заң терминдерін жаттау.

2. Сөйлем құрастыру.

**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

**Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 20-с. Етістіктің түрлері. Түбір және туынды етістіктер.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Етіс және оның түрлері жайында толық түсінік беру, грамматикалық тапсырмаларды орындалуда сауаттылыққа үйрету, лексикалық материалдарды талдауда қонақжайлыққа, мейман-достыққа тәрбиелеу, арнайы мәтінді талдауда кәсіптік бағдар беріп, ой-өрістерін жетілдіру. грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жазбаша жұмыстары мен ауызша тапсырмаларын сұрау.
III.	Жаңа тақырыпты түсіндіру Етістік және оның түрлері	20 мин.	Етістік тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы кең грамматикалық категория Ережесі: Етістік – күрделі де кең түрде қолданылатын, қимыл-қозғалыс, іс-әрекеттерді атайтын сөз табы. Не істеді? Қайтті? Етістіктің түбір, туынды, тұйық, етіс, рай, жақ, шақ, есімше, көсемше, салт және сабақты деген бірнеше формалары мен категориялары бар. Мысал келтіру. Жасалу жолына қарай: негізгі және туынды. Құрамына қарай: дара, күрделі. Қызметіне қарай негізгі және көмекші етістік болып бөлінеді.

IV.	Оқулықпен жұмыс	10 мин.	Мысалы: ерік ойнап жүр. «Ойнап» негізгі етістік, «жүр» көмекші етістік. 1-тапсырма Мәтіннен етістіктерді тауып, талдау жасау. Ырысжан бұдан әрі тыңдамады.Әжімі терең ақ сары жүзі кенет өзгеріп, қабағын бір шытынды да, тұрып кетті. Кімге шытынған неге шытынағанын Бейсен аңғарған жоқ. Тек дастархан жайыла бастағанда ғана түйілі тарқап, енді бұралқы әңгіме көшті. 122-жаттығу. Мәтінді орыс тіліне аударып, мазмұнын баяндаңыздар.
V.	Бекіту	7 мин.	Пысықтау сұрақтарын қою арқылы сабақты қорытындылау.
VI.	Үй тапсырма	2 мин.	«Етістік» /анықтамасы/ «Осторожно: Наркотики» мәтінді қазақ тіліне аудару (Заңгерлерге арналған Қазақ тілі, 112-бет.).
VII.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беру.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Берілген тапсырмаларды орындалысын тексеру, жаттығу жұмыстарын орындау кезеңдерінде бағаланады.

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Етістік (ережесі)
2. «Осторожно: Наркотики» мәтінді қазақ тіліне аудару

**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 21-с. Етістіктің шақтары.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Етістіктің шақтары туралы жалпы мағлұмат беру, лексикалық материалдарды оқытуда эстетикалық тәрбие беру, арнайы мәтінді талдауда кәсіптік білімдерін жетілдіру, грамматикалық жаттығуларды орындау барысында ой-өрістерін, тіл сабағына деген ынта –қабілеттерін арттыру.

**I.Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі.	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жазбаша жұмыстарын тексеру.
III.	Жаңа тақырып (түсіндірме әдісі бойынша) Етістіктің жақтары мен шақтары	20 мин.	Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру етістіктің шағы деп аталады. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты яғни сол сәтте болып жатқан қимылды осы шақ әлі болмаған, бірақ кейін болатыны қимылды келер шақ, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды өткен шақ білдіреді. Осы шақтың түрлері. 1) Нақ осы шақ. М: Мен кітап оқып отырмын. 2) Ауыспалы осы шақ. М: Мен келермін. Нақ осы шақ. Қимылдың тура сөйлеушінің хабарлап тұрған кезінде болуын нақ осы шақ дейді. Мысалы: Ол оқып отыр, ол жатыр. Нақ осы шақ отыр, жатыр, тұр, жүр деген төрт етістік арқылы жасалады. Бұл етістіктер дара түрде қолданылғанда, негізгі етістік болады, күрделі түрде қолданылғанда, көмекші етістік болады. Мысалы: Ол

IV.	Оқулықпен жұмыс	10 мин.	<p>отыр, Ол оқып отыр, Нақ осы шақ жасалу үшін, бұл етістіктерге жікті жалғауы тікелей жалғануы керек. Мысалы: Сен отыр-<b>сың</b>.Сіз оқып отыр-<b>сыз</b>.</p> <p>1 – тапсырма. Осы шақ түрлерін ажырат. Есік алдындағы бақтан алма иісін жел аңқытып әлдеқайда әкетіп жатыр. Атасының ана жылға айтқан сөзі, ата бейнесі Жұмақанның көз алдына елестейді. Ол Артектен қайтқалы ойлы мінездер көрсете бастады. Күнделікті уақытын жақсы пайдаланады. Бұрынғыдай емес, тәртіппен ғана ойнайды. Атасы екен ағаштарды мәпелеп күтеді.</p> <p>2-тапсырма «Оқып отыр» етістігін жіктеу. 127-жаттығу. Заң бабынан етістіктерді тауып, шақ және жақ жұрнақтарын жалғаңыздар.</p> <p>Сөздік жұмыс. Терминдерді жаттап, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.</p> <p>Жертва преступления – қылмыс құрбаны, Забастовка – ереуіл, Задаток – кепілақы, Заложники – аманаттағы адамдар, Копия – көшірме.</p>
V.	Бекіту	7 мин.	<p>Сұрақ-жауап әдісі арқылы тақырыпты бекітіп, қорытынды жасау.</p>
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	<p>122-беттегі тапсырма. Мәтінді аударып, мазмұнын баяндаңыздар.</p>
VII.	Бағалау	3 мин.	<p>Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беру.</p>

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Жаңа тақырып бойынша тапсырмаларды орындау барысында тексеріледі.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Грамматикалық тақырып

2. Аударма жұмысы

**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

**Ш.Ш.Жалмаханов**

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 22-с. Келер шақ және оның түрлері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Етістіктің шақтары туралы жалпы мағлұмат беру, лексикалық материалдарды оқытуды эстетикалық тәрбие беру, арнайы мәтінді талдауда кәсіптік білімдерін жетілдіру, грамматикалық жаттығуларды орындау барысында ой-өрістерін, тіл сабағына деген ынта –қабілеттерін арттыру.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жазбаша жұмыстарын тексеріп, заң терминдерін сұрау.
III.	Жаңа тақырыпты меңгерту (түсіндірме әдісі бойынша)	20 мин.	Келер шақ сөйлеушінің хабарлауынан кейін болатын қимыл-әрекетті білдіреді. Мысалы:Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру етістіктің шағы деп аталады. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты яғни сол сәтте болып жатқан қимылды осы шақ әлі болмаған, бірақ кейін болатыны қимылды келер шақ, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды өткен шақ білдіреді. Осы шақтың түрлері. 1) Нақ осы шақ. М: Мен кітап оқып отырмын. 2) Ауыспалы осы шақ. М: Мен келермін. Нақ осы шақ. Қимылдың тура сөйлеушінің хабарлап тұрған кезінде болуын нақ осы шақ дейді. Мысалы:

IV.	Оқулықпен жұмыс	10 мин.	Ол оқып отыр, ол жатыр. Нақ осы шақ отыр, жатыр, тұр, жүр деген төрт етістік арқылы жасалады. Бұл етістіктер дара түрде қолданылғанда, негізгі етістік болады, күрделі түрде қолданылғанда, көмекші етістік болады. Мысалы: Ол отыр, Ол оқып отыр, Нақ осы шақ жасалу үшін, бұл етістіктерге жікті жалғауы тікелей жалғануы керек. Мысалы: Сен отыр- <b>сың</b> . Сіз оқып отыр- <b>сыз</b> . 11-жаттығу. (жаттығулар жинағы, 17-б.) 134-жаттығу. Сөздікті жаттап, оларды қатыстырып сөйлем құрастырыңыздар. 126-жаттығу. Мәтінді аударып, мазмұнын баяндаңыздар.
V.	Бекіту	7 мин.	Сұрақ-жауап әдісі арқылы тақырыпты бекітіп, қорытынды жасау.
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	124-беттегі тапсырма. Терминдерді жаттап, сөйлем құрастырыңыздар.
VII.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беру.

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Жаңа тақырып бойынша тапсырмаларды орындау барысында тексеріледі.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Грамматикалық тақырып.
2. Сөйлем құрастыру.

**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

**Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 23-т. Өткен шақ және оның түрлері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Етістіктің шақтары туралы жалпы мағлұмат беру, лексикалық материалдарды оқытуды эстетикалық тәрбие беру, арнайы мәтінді талдауда кәсіптік білімдерін жетілдіру, грамматикалық жаттығуларды орындау барысында ой-өрістерін, тіл сабағына деген ынта –қабілеттерін арттыру.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды тексеру сабаққа дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жазбаша жұмыстарын тексеріп, грамматикалық тақырыпқа тоқталу.
III.	Жаңа тақырыпты меңгерту (түсіндірме әдісі бойынша)	20 мин.	Өткен шақ қимыл-әрекеттің сөйлеушінің хабарлауынан бұрын болғанын білдіреді. Мысалы: Лиза жылы жүзбен қызға қолын ұсынды. Мағына ерекшелігіне қарай өткен шақ үшке бөлінеді: жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ. Жедел өткен шақ. Өткен шақтың бұл түрі жақын арада болған қимылды білдіреді. Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне –ды,-ді,-ты,-ті жұрнағы жалғану арқылы жасалады; жақтық мағынасы жіктік жалғауының қысқа түрі арқылы беріледі. Мысалы: Мен келдім. Сен келдің. Сіз келдіңіз. Ол келді. Жедел өткен шақ дара күрделі түрде қолданылады. Мысалы: Келді, алып



IV.	Жаттығу жұмыстары	10 мин.	келді, көрді, айтып көрді, жазды, жазып берді, қайтты, қайтып кетті. Бұл шақтың, болымсыз түрі –ма,-ме жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы: бармады, алып бармады, алмай барды. 121-жаттығу. Етістіктерді мағыналық түрлерге жіктеп, сөйлем құрастырыңыздар. 123-беттегі мәтінді аударып, мазмұнын баяндаңыздар. 12-жаттығу.Өткен шақ етістікті тауып, оның формаларының астын сызып, өткен шақтың қай түрі екенін айтыңыз. (жаттығулар жинағы, 17-б).
V.	Бекіту	7 мин.	Сұрақ-жауап әдісі арқылы тақырыпты бекітіп, қорытынды жасау.
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	Етістікті заң терминдерді қатыртырып 10 сөйлем құрастырыңыздар.
VII.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушыларға баға қойып, түсініктеме беру.

## II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті

Жаңа тақырып бойынша тапсырмаларды орындау барысында тексеріледі.

## III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары

## IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау

Сөйлем құрастыру

**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

**Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 24-с. Етіс және оның түрлері

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Етіс түрлерінен жалпы мағлұмат беру. Тыңдаушыларға етістіктің түрлерін ажыратып оларға толықтай тоқталу. Тыңдаушылардың ой-өрістерін, тыңдау қабілеттерін дамыту, тілді сүйеге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жазбаша жұмыстарын тексеріп, грамматикалық тақырыпты сұрау.
III.	Жаңа сабақ Етістіктің түрлері	20 мин.	Етіс (залог гл) – етістіктің бір категориясы. Қимылдың объекті мен субъектіге қатысын білдіретін етістіктің түрін етіс дейміз. Мысалы: Олар сөйлесті. Мұнда етіс қимылдың бірнеше субъектіге ортақ екенін білдіріп тұр. Ол таранды дегенде, етіс қимылдың объектісі мен субъектісінің бір зат екенін білдіреді. Етіс бес түрлі : 1) Негізгі (начальный)- ки, жу, қыр; 2) Өздік (возвратный) – ын, -ін; таранды, киінді, -ыл,-іл,-л; қосылды, түйілді. 3)Ортақ (совместно- взаимный) - ыс,-іс,-с. Көріс, сөйлес, санас, жинас. 4) Ырықсыз (страдательный)- ыл, іл; -л,-ын,-н; Мал бағылды. Үй

IV.	Оқулықпен жұмыс	10 мин.	салынды. 5) Өзгелік (понудительный)- ғыз, гіз; -қыз,-кіз; алғыз, жапқыз, көрсеткіз. –дыр,-дір,-тыр,-тір; жаздыр, білдір. -т; келтірт, сайлат. -ыр, -ір, -ар:қатыр, келтір, шығар. 123-жаттығу. Тиісті жұрнақтарды жалғап,қай етіс екенін анықтап, аударыңыз. 124-жаттығу. Етістіктер ойлап тауып, етіс түрлерінің жұрнақтарын қойып, орысшаға аударыңыздар.
V.	Бекіту	7 мин.	Сабақты бекіту барысында сұрақ – жауап әдісін кеңінен пайдалану.
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	Тапсырма. Мәтіннен етістіктерді, етіс түрлерін тауып, мазмұнын баяндаңыздар. 115-бет. Мәтіннен етістіктерді, етіс түрлерін тауып, мазмұнын баяндаңыздар.
VII.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушыларды сабаққа қатысуына қарай бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Өтілген материалдарды пысықтау. Жана тақырыпты бекіту. Қорытындылау кезеңдеріне тоқталу.

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мәтін аудару.

**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 25-с. Ырықсыз және ортақ етістер

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Етіс түрлерінен жалпы мағлұмат беру. Тіл туралы жалпы мағлұмат беру. Тыңдаушыларға етістіктің түрлерін ажыратып оларға толықтай тоқталу. Тыңдаушылардың тілді сүйеге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ой-өрістерін, тыңдау қабілеттерін дамыту.

**I.Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Жазбаша жұмыстарын тексеріп, грамматикалық тақырыпты сұрау.
III.	Жаңа сабақ Етістіктің түрлері	20 мин.	Қимылдың бірнеше субъектігі ортақтығын білдіретін етісті ортақ етіс дейміз. Мысалы: Олар айтысты. Айтысу қимылы – сол қимылға қатысушылардың бәріне ортақ. Жасалу жолы: Ортақ етіс етістің түбіріне –ыс,-іс,-с жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: көріс, сөйлес, керіс, табыс, жинас. Өздік етіс пен ырықсыз етіс объекті мен субъектілік қатысты білдіреді. Өзгелік етіс пен ортақ етіс субъектілік қатысты көрсетеді. Ырықсыз етіс. Қимыл өздігінен жасалғандай болып көрінетін,, қимыл иесінсіз айтылатын етістің түрін ырықсыз етіс дейміз. Мысалы: Егін орылды. Егінді орған қимыл иесі айтылмаған, сөйлемде қимыл иесінің орнына объекті (егін) бастауыш болып тұр. Жасалу жолы: ырықсыз етіс етістіктің түбіріне –ыл,-іл,-л,-ын,-н жұрнақтары

IV.	Оқулықпен жұмыс	10 мин.	<p>жалғану арқылы жасалады. Мысалы: Егін орылды. Мал бағылды. Жұмыс жасалды. Ырықсыз етіс жұрнағы сабақты етістіктен салт етістік жасайды. Мысалы: Үйді сал – сабақты етістік. Үй салынды – салт етістік. Егінді ор – сабақты етістік. Егін орылды – салт етістік.</p> <p>Ырықсыз етіс қимыл иесін керек етпей, оның орнына толықтауыш болатын объекті сөйлемнің грамматикалық бастауышы болады, ол сөйлем тура толықтауышсыз айтылады.</p> <p>3-жаттығу. Берілген сөздерден ырықсыз етіс жасаңыз да, ырықсыз етіс екенін сөз тіркесі, сөйлемдер арқылы дәлелденіз (жаттығулар жинағы, 14-б.).</p> <p>5-жаттығу. Берілген сөздерден ортақ етіс жасаңыз, мағынасын түсіндіріңіз (жаттығулар жинағы, 14-б.).</p>
V.	Сабақты бекіту	7 мин.	<p>Сабақты бекіту барысында жаттығу жұмыстарын жүргізіп, сұрақ – жауап әдісін кеңінен пайдалану. 116-беттегі терминдерді жаттап, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.</p>
VI.	Үйге тапсырмасы	2 мин.	<p>С әріпінен 20 сөз заң терминдерін жазғызу және жаттап келу (211-б).</p>
VII.	Бағалау	3 мин.	<p>Тыңдаушыларды сабаққа қатысуына қарай бағалау.</p>

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Өтілген материалдарды пысықтау. Жаңа тақырыпты бекіту. Қорытындылау кезеңдеріне тоқталу

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Заң терминдерін жаттау.

**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«**БЕКІТЕМІН**»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

**Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 26-с. Етістіктің райлары. Ашық және бұйрық райлары

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Рай түрлерінен жалпы мағлұмат беру. Тыңдаушыларды сыйластыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Дұрыс сөйлеу дағды – біліктерін дамыту, сөйлем құрау қабілеттерін қалыптастыру.

**I.Сабақ жоспары**

<b>Реттік нөмірі</b>	<b>Оқу сұрақтары</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті</b>
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Үйге берілген тапсырмаларын тексеру.
III.	Жаңа сабақ Ашық рай Бұйрық рай	20 мин.	Рай түрлері. Олардың ара жіктерін ажырата білу. Рай категориясы қимылдың болмысқа қатысы туралы сөйлеушінің түсінігін, көзқарасын білдіреді. Қазақ тілінде 4 түрлі рай бар: 1. Бұйрық рай. 2. Қалау рай. 3. Шартты рай. 4. Ашық рай. 1. Ашық рай. Іс-әрекеттің осы шақта, өткен шақта және келер шақта болғанын, болатынын көрсетіп, үш жақта жекеше-көпше түрде айтылатын райды ашық рай дейміз. Мен келіп отырмын. Мен келдім. Мен келермін. 2. Бұйрық рай. Біреуге арналып, бұйыра айтылған етістік мағынасын бұйрық рай дейміз. Бұйрық мағына түбір етістіктің өзінде берілген, сондықтан бұйрықтың қай жаққа қатысын білдіру үшін, түбір

IV.	Оқулықпен жұмыс	10 мин.	етістікке тек жіктік жалғау ғана жалғанады. Мысалы: Жекеше түрі. I жақ. Мен кел-ейін . II жақ. Сен кел. Сіз кел-іңіз. III жақ. Ол кел-сін. Көпше түрі. I жақ. Біз кел-ейік . II жақ. Сендер кел-іңдер. Сіздер кел-іңіздер. III жақ. Олар кел-сін. 6-жаттығу. Бұйрық райлы етістіктерді тауып, оның қалай жасалғанын айтыңыз (жаттығулар жинағы, 16-б). 9-жаттығу. Ашық райлы етістіктерді тауып, ерекшелігін айтыңыз. Жақтық мағынасын, формаларын көрсетіңіз (Жаттығулар жинағы, 16-б).
V.	Бекіту	7 мин.	Сабақты бекіту барысында сұрақ – жауап әдісін кеңінен пайдалану
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	199-беттегі «М» әріпіне 20 сөз жаттап келу.
VII.	Бағалау	3 мин.	Тыңдаушыларды сабаққа қатысуына қарай бағалау

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Рай категорияларын тоқталып, олардың ара жіктерін ажырата білу. Жазба жұмыстарын, аударма жұмыстарын жүргізу арқылы оларды ауызша сөйлеуге дағдылау

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б.**

Оқулықтар, дидактикалық материалдар

## **VI. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Сөйлем құрау

## Тілдік дайындық кафедрасы

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 27-с. Қалау және шартты райлары.**Сабақ түрі.** Тәжірибелік**Уақыты.** 50 минут**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы**Сабақтың мақсаттары:** Рай түрлерінен жалпы мағлұмат беру. Тыңдаушыларды сыйластыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Дұрыс сөйлеу дағды – біліктерін дамыту, сөйлем құрау қабілеттерін қалыптастыру.**I.Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Үйге берілген тапсырмаларды сұрау.
III.	Жаңа сабақ Қалау рай Шартты рай	20 мин.	Тыңдаушылардан өткен тақырыпты еске ала отырып, келесі жаңа тақырыпқа көшеміз. 1. Қалау рай. Қимылды субъектінің қалайтынын , тілейтінін білдіретін етістіктің түрін қалау рай дейміз.Ерікті қалау рай етістіктің түбіріне –ғы, -гі, -қы, -кі жұрнақтары жалғанып, оған кел көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Тілекті қалау рай. Тілекті қалау рай төмендегіше жасалады: 1. Етістіктің түбіріне –ғай, -гей, -қай,-кей жұрнақтары жалғанады. Мысалы: Ол естігей еді. 2. Етістіктің түбіріне шартты райдың -са,-се жұрнағы жалғанып, оған игі сөзі мен е көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Кейді игі сөзінің тіркесінсіз де жасала береді.Мысалы: Мен білгеймен. Мен қалсам игі еді. 2. Шартты рай. Қимыл-әрекеттің болу я болмау шартын білдіретін етістікті шартты рай дейміз. Мысалы: Осыған уәде бермесен, жөнімді айтпаймын. Шартты



IV.	Тапсырма  Сөздік жұмыс Заң терминдерінен жаңа сөздер жазу, сөздерден күрделі сөйлемдер құрату	10 мин.	рай етістіктің түбіріне –са, -се жұрнағы жалғану арқылы жасалады. I. Мен бар-са-м, II. Сен бар-са-ң, Сіз бар-са-ңыз III. Ол бар-са I. Біз бар-са-қ II. Сендер бар-са-ндар Сіздер бар-са-ңыздар III. Олар бар-са Төмендегі етістіктерді қатыстыра отырып, қалау рай жасаңыздар да, соған сәйкес сөйлем құраңыздар. Байқа, таңда, биле, өсір, өрле, қарулан. 8-жаттығу. Шартты райды тауып, қосымшасының астын сызып, түрлеуін түсіндіріңіз. Право граждан на жалобу-Азаматтардың шағым беру құқығы, Отказ от иска-Талаптан бас тарту, Очевидец – Айғаққа куә адам, Освобождение досрочное – Мерзімінен бұрын босату, Улика – Айғақ Уголовное наказание – Қылмыстық жаза Сабақты бекіту барысында сұрақ – жауап әдісін кеңінен пайдалану
V.	Бекіту	7 мин.	Етістіктің рай түрлеріне мысал келтіріңдер. 213-беттегі «Т» әріпіне 20 сөз заң терминдерін жаттау.
VI.	Үй тапсырмасын беру	2 мин.	Тыңдаушыларды сабаққа қатысуына қарай бағалау.
VII.	Бағалау	3 мин.	

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Рай категорияларын тоқталып, олардың ара жіктерін ажырата білу. Жазба жұмыстарын, аударма жұмыстарын жүргізу арқылы оларды ауызша сөйлеуге дағдылау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, дидактикалық материалдар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Рай түрлеріне мысал келтіру
2. Заң терминдерді жаттап келу

## Тілдік дайындық кафедрасы

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 3-т, 28-с. Көсемше және оның жасалу жолдары.

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу-әдістемелік аудиториясы

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушыларға көсемше туралы жалпы мағлұмат беру. Олардың тілге деген сүйіспеншілігі ояту, ұжымдылыққа, отан сүйгіштік, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.

## I.Сабақ жоспары

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Грамматикалық тақырыпты сұрау. Заң терминдеріне тоқталу.
III.	Жаңа сабақ Көсемше оның жасалу жолдары	20 мин.	Негізгі қимыл-амалды және негізгі қимылды айқындайтын қосымша қимылды білдіретін етістіктің түрін көсемше дейміз. Мысалдар келтіріле отырылып түсіндіріледі. Көсемше қалай? қайтеді? Не істеп? қайткелі? сияқты сұрақтарға жауап береді. Жұрнақ жалғануы арқылы жасалады: - ып, -іп, -п: жаз-ып, -а, -е, -й: кел-е, -ғалі, -гелі, -қалы, -келі: бар-ғалы
IV.	Оқулықпен жұмыс  Сөздік жұмыс	10 мин.	127-жаттығу. Жақшаның ішіндегі етістіктерді көсемшеге айналдырып жаз. Мысалы: Мен іссапарға бар-ғалы жатырмын. Я собираюсь ехать в командировку. Терминдерді жаттап, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз. снятие судимости, подсудимый,

V.	Сотталғандығын алып тастау сотталушы соттық қадағалау соттың қорғауы сыбайлас  Жаңа сабақты бекіту	7 мин.	судебный надзор, судебная защита, сообщик. Тапсырма. 1. Сақшы газеті 2008 жылғы № 7, №8, №9 сандарынан мақалаларды оқып, қазақ тіліне аударыңыз. 2. Мазмұнын баянда. 3. Заң терминдері мен заңдық ұғымдарды анықта. Жаңа сабақты сұрақ-жауап әдісі арқылы бекітемін. 128-жаттығу. Сөз тіркестерін қазақшаға аударыңыз. Мысалы: следователь-тергеуші.
VI.	Үй тапсырмасы	2 мин.	Заң терминдерді жаттау.
VII.	Бағалау	3 мин.	Ахмет Байтұрсынов туралы конспект жазып келу. Тыңдаушыларды сабаққа қатысу, жауап беру деңгейіне қарай бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Өтілген материалдарды пысықтау. Жаңа тақырыпты бекіту. Қорытындылау кезеңдеріне тоқталу

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, үлестірмелі карточкалар

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Конспект жазу
2. Жаттығу жұмысы

## Тілдік дайындық кафедрасы

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Сабақтың тақырыбы.** 29-с. Есімше және оның жасалу жолдары**Сабақ түрі.** Тәжірбиелік**Уақыты.** 50 минут**Орны.** Оқу-әдістемелік аудитория**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдаушыларға есімше туралы, жасалу жолдары туралы түсінік беру. Сөздік қорын байыту, түрлі жаттығулар арқылы тақырыпты меңгерту. Арнайы мәтінді талдау барысында кәсіби бағыт-бағдар беру. Олардың тілге деген сүйіспеншілігін ояту.**I.Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау.
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин.	Үйге берілген тапсырмаларды сұрау.
III.	Жаңа сабақ Есімше және оның жасалу жолдары	20 мин.	Көсемше және оның жасалу жолдары. Мысал келтіру. Жаттығу жұмысы. Мәтінді аудару. Заң терминдеріне тоқталу. Есім сияқты түрленіп, сөйлемде есімнің де, етістіктің де қызметінде қолданылатын етістіктің түрін есімше дейміз. Мысалы: Оқыған адам. -қан, -кен, -ған, -ген: бар-ған, -ар, -ер, -р, -с: бар-ар, -атын, -етін: бара-тын. -ушы, уші: бару-шы -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек (бармақ, келмек, айтқпақ, көрмек, кетпек).
IV.	Жаңа сабақты бекіту	10 мин.	129-жаттығу. Есімшелер сөйлемде қандай қызмет атқарып тұрғанын айтыңыздар. Орыс тіліне аударыңыздар. «Заңгерлерге арналған қазақ тілі. 119 –бет. 128-жаттығу. Сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударып, сөйлем құраңыздар.

**III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар саранамалық материалдар қолданылады. «Бұлтартпау шараларын таңдау туралы қаулы. Сезікті адамға бұлтартпау шараларын қолдану» қаулысының үлгісі.

**IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Кезектес салалас құрмалас сөйлем туралы жаттап келу.
  2. Бұл тақырыпқа 7-8 сөйлем құрастыру.
  3. Заң терминдерін жаттау.
-



**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 10-сабақ. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Тыңдаушыларға сабақтастың шартты бағыныңқылы түрін толық, кеңінен түсіндіре отырып, олардың күрделі сөйлемдер құрап, ойлау жүйесіне әсер ету. Тақырыпты меңгерту, тапсырмаларды орындау барысында тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа үйрету, дұрыс сөйлеу дағды – біліктерін дамыту, сөйлем құрау.

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	Сабақтас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлерін сұрау.
III.	Жаңа сабақты түсіндіру	25мин	Бағыныңқы сөйлем басқа сөйлемдеге ойдың болу шартын білдіретін сабақтастың түрін шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем дейміз. Қайтсе? Не етсе? қайткенде? қайтпей? не етпесе? деген сұрақтарға жауап береді. Шартты бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады. 1. етістіктің . -са, -се. шартты рай түрінен болады. Осындай қалың жұрт батысқа қарай ағылып бара жатса, ол көптің бірі боп біз қандай оп-оңай араласып кетер едік. 2. Болымсыз етістіктің -й тұлғалы көсемше түрінен болады. Өткен мәдениеттегі өміршең атаулының барлығын бойға дарытып алмай, жарқын жаңа мәдениет жасау мүмкін

IV.	Сабақты бекіту	12 мин	емес. 3. Жатыс септік тұлғасындағы есімшеден болады. Қара Теке-Әзімбай болғанда, осы текенің әкесі – сары теке қатар тұр еді. «Дәлелдемелер жинау. Күзеттік қағаз» лексикалық материалдарды түсіндіру. «Лексикалық мәтіндер жинағы» (ІО қызметіне қажетті қылмыстық іс жүргізу құжат үлгілері). Қ-2009. Жалпылама сұрақтар қою арқылы сабақты бекіту.
V.	Үй тапсырмасын беру	2 мин	169-жаттығу. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді табыңыз. «Заңгерлерге арналған қазақ тілі» 136 б. «Рәкеттер тобы тұтқындалды» мәтінін оқып, мазмұнын баяндаңыз.
VI.	Бағалау	3 мин	Тыңдаушыларды сұралған және жаңа өтілген сабақтар да көрсеткен белсенділіктері үшін білімдерін бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушылардың толық тақырыпты меңгеруін қадағалау, тапсырмаларды орындауды тексеру.

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, заң терминдері сөздігі,мәтіндер жинағы. «Дәлелдемелер жинау. Күзеттік қағаз» үлгісі.

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мәтіндерді аудару, заң терминдерін жазу, шартты бағыныңқының жасалу жолдарын жаттау.

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 11-сабақ. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Тыңдаушыларға сабақтастың себеп бағыныңқылы түрін түсіндіріп, білімін кеңейту, сауаттылыққа, жүйелілікке баулу. Тақырыпты меңгерту, тапсырмаларды орындау барысында тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа үйрету, дұрыс сөйлеу дағды – біліктерін дамыту, сөйлемді сауатты құру дағдысын қалыптастыру.

**І.Сабақ жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі.	3 мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау.	5 мин	Шартты бағыныңқы сабақтас сөйлем туралы сұрау.
III.	Жаңа сабақты түсіндіру.	25 мин	Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемде айтылған ойдың себебін білдіретін сабақтастың түрін себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем дейміз. <i>Неліктен? не себепті? неге? не деп?</i> деген сұрақтарға жауап береді. Себеп бағыныңқылы сабақтан құрмаластың баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады. а) – <i>дықтан, -діктен</i> қосымшасы үстелген есімшеден. Мысалы: болғандықтан. ә) есімше тұлғалы етістікке соң шылауы тіркесінен жасалады. Мысалы: Балуан аяңға көшкен соң, қалғандары да тақымдарын суыта бастады.

IV.	Сабақты бекіту	12 мин	<p>б) болымсыз етістіктің көсемше тұлғасынан болады. Ол өзін-өзі тоқтата алмай, мәуені тағы да жеуге кірісті.</p> <p>Жаттығулар мен арнайы тапсырмаларды орындап, мәтіндер аудару. Деңгейлік сұрақтарға жауап беріп, сабақты өткен тақырыптармен байланыстыру. Лексикалық материалды түсіндіру. Сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақты қорыту.</p> <p>Жаттығу жұмыстары. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді тап. «Заңгерлерге арналған қазақ тілі». Қ-2010ж.</p>
V.	Үй тапсырмасын беру.	2 мин	<p>Қойнында тапанша, «қоймасында» анаша мәтінін оқып, мазмұнын баяндау. «Заңгерлерге арналған қазақ тілі». Қ-2010ж.</p> <p>Ережені жаттау, себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемге көркем әдебиеттен 5 сөйлем жазу.</p>
VI.	Тыңдаушылардың білімін бағалау.	3 мин	<p>Тыңдаушыларды сұралған және жаңа өтілген сабақтар да көрсеткен белсенділіктері үшін білімдерін бағалау.</p>

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушыларды сабақ барысында тапсырмаларды толық орындауын тексе

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, заң терминдері сөздігі, мәтіндер жинағы. «Басқа жаққа кетіп қалмау туралы қолхат» үлгісі.

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мәтіндер аудару, Заң терминдерін жазу, себеп бағыныңқының жасалуын жаттау.

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 12-сабақ. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Тыңдаушыларға сабақтастың қимыл-сын бағыныңқы сөйлем жасалу ерекшеліктерін кеңінен түсіндіріп, құрмалас сөйлем туралы білімдерін бекіту. Тақырыпты меңгерту, тапсырмаларды орындау барысында тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа үйрету, дұрыс сөйлеу дағды – біліктерін дамыту, сөйлем құрау

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау Себеп бағыныңқы сабақтас сөйлем туралы сұрау. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың қалай орындалғанын білдіретін сабақтастың түрін қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем дейміз. Қалай? қайтіп? не істеп? деген сұрақтарға жауап береді. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас сөйлемнің баяндауыштарының жасалу жолдары: 1. –а,-е, -й және –ып, -іп, -п тұлғалы көсемшеден болады. Бір бүйірі қызарып, пісуге жақындап қалып еді. 2.Есімше тұлғасына –дай, -дей жұрнағы жалғанып жасалады. Өзгелері қос атпен тартқандай, қосалқы мұғалім жолдаумен ілігіп
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	
III.	Жана сабақты түсіндіру	25мин	

IV.	Сабақты бекіту	12 мин	келеді. Оқулықтағы жаттығуды орындау, тапсырмалардағы мәтіндерді аудару. Лексикалық материалды түсіндіру. Сұрақ-жауап әдісі арқылы жаңа сабақты бекіту. Жаттығу жұмыстары. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді тап. «Заң бұзған шетелдіктер» мәтінін оқып, мазмұнын баяндау. «Заңгерлерге арналған қазақ тілі». Қ-2010.
V.	Үй тапсырмасын беру	2 мин	Жаттығулар жинағындағы жаттығулармен жұмыс жүргізу. «Сақшы» газетінің 2010 жылғы басылымдарынан бір мақаланы таңдап, мазмұнын баяндап, заң терминдерімен сөйлем құрау.
VI.	Бағалау	3 мин	Тыңдаушыларды сұралған және жаңа өтілген сабақтар да көрсеткен белсенділіктері үшін білімдерін бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушылардың тақырыпты толық меңгергенін қадағалау. Берілген тапсырмалардың орындалуын тексеру.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, заң терминдері сөздігі, мәтіндер жинағы, «Тергеу тобын құру туралы қаулы. Оқиға болған жерді қарау хаттамасының» үлгісі.

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мәтін аудару, заң терминдерін жазу, қимыл-сын бағыныңқы сабақтас сөйлемдер құрау.

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 13-сабақ. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Тыңдаушыларға мақсат сабақтастың жасалуын түсіндіріп, күрделі сөйлеуге, көркем әрі әсерлілікке, сауаттылыққа баулу. Тақырыпты меңгерту, тапсырмаларды орындау барысында тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа үйрету, дұрыс сөйлеу дағды – біліктерін дамыту, сөйлем құрау.

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік Нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі.	3 мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау.	5 мин	Сұрақ-жауап тәсілі арқылы өткен сабақты еске түсіру.
III.	Жаңа сабақты түсіндіру.	25 мин	Басыңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың болу мезгілін білдіретін сабақтастың түрін мезгіл бағыныңқылы сабақтас дейміз. Мезгіл бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары –ша, -ше жұрнақты есімшеден (-ған-ша, -ген-ше), жатыс жалғаулы есімшеден (-ғанда, -ген-де), есімшеге септеулік шылаулардың (-ған, -ген, соң, кейін, сайын, бері, шейін), мезгіл мәнді көмекші сөздердің (-ған, -ген, кезде, шақта, уақытта) тәркесуі арқылы, көсемшеден (-ғалы, -гелі, -а, -е, -й) және етістіктің түбіріне –ысымен, ісімен деген қосымшаның жалғануы арқылы жасалады. Мезгіл бағыныңқы сабақтастың сұраулары: қашан? қашанға шейін? Қашаннан бері? Мысалы: <i>Соңғы</i>

IV.	Сабақты бекіту.	12 мин	<p><i>аттылар Құнанбай қасына жеткенде, балқыған темірдей боп ұшқын атып жарқыраған үлкен күн алыстағы Арқат тауының иректелген жотасына мәне бастап еді.</i></p> <p>Мәтіндерді аударып, тапсырмаларды орындау. Жеке тапсырмалардағы сұрақтарға жауап алу. Лексикалық материалды түсіндіру. Заң терминдерін жазыңыз. «Заңгерлерге арналған қазақ тілі». Қ-2010.</p> <p>Жалпылама сұрақтар қою арқылы сабақты қорытындылау.</p>
V.	Үй тапсырмасын беру.	2 мин	Тыңдаушыларды сұралған және жаңа өтілген сабақтар да көрсеткен
VI.	Тыңдаушылардың білімін бағалау.	3 мин	белсенділіктері үшін білімдерін бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушылардың білімін, сауаттылығын, құрмалас сөйлем бойынша алған жалпы білімі мен іскерлігін бағалау.

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, заң терминдері сөздігі мәтіндер жинағы, іс-қағаздар үлгісі, лексикалық материалдар жинағы. «Айыпкерді куәландыру туралы қаулы»

## **IV.Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мәтін аудару, заң терминдерін жазу, сөздік жұмысы, сөйлемдер құрау.



**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 14-сабақ. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Тыңдаушыларға мақсат сабақтастың жасалуын түсіндіріп, күрделі сөйлеуге, көркем әрі әсерлілікке, сауаттылыққа баулу. Тақырыпты меңгерту, тапсырмаларды орындау барысында тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа үйрету, дұрыс сөйлеу дағды – біліктерін дамыту.

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті

I.	Ұйымдастыру кезеңі	3 мин	<p>Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау</p> <p>Сұрақ-жауап тәсілі арқылы өткен сабақты еске түсіру.</p> <p>Басыңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың болу мақсатын білдіретін сабақтастың түрін мақсат бағыныңқылы сабақтас дейміз. Мақсат бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан тұрады:</p> <p>а) мақсатты келер шақ (-мақ, мек, -пақ, -пек) етістік пен болып көмекші етістіктің тіркесінен болады. Бүгін тыңдаушылардың керек кітабын алып шықпақ болып, өзі жалғыз кіріп еді.</p> <p>ә) тұйық етістік пен үшін шылауының тіркесінен болады. Сол шаңқыл тына қалар ма екен деп, Көпей самаурынды есік алдына қайта шығарды .</p> <p>а) шартты райлы етістікке -да,-де шылауы тіркесінен болады.</p> <p>Мәтіндерді аударып, тапсырмаларды орындау. Жеке тапсырмалардағы сұрақтарға жауап алу. Лексикалық материалды түсіндіру. Заң терминдерін жазыңыз. «Заңгерлерге арналған қазақ тілі». Қ-2010.</p>
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	
III.	Жаңа сабақты түсіндіру	25мин	
IV.	Сабақты бекіту	12 мин	
V.	Үй тапсырмасы	2 мин	
VI.	Бағалау	3 мин	

## II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті

Тыңдаушылардың білімін, сауаттылығын, құрмалас сөйлем бойынша алған жалпы білімі мен іскерлігін бағалау.

**III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, заң терминдері сөздігі, мәтіндер жинағы, іс-қағаздар үлгісі, лексикалық материалдар жинағы. «Үй-жай учаскесін қарау хаттамасы. Затты қарау хаттамасы»

**IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мәтін аудару, заң терминдерін жазу, сөздік жұмысы, сөйлемдер құрау.

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** С-15.Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Тыңдаушыларға қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді құрау жолдарын түсіндіре отырып, күрделі әрі жүйелі сөйлеуге, сауаттылыққа үйрету. Тақырыпты меңгерту, тапсырмаларды орындау барысында тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа үйрету, дұрыс сөйлеу дағды – біліктерін дамыту, сөйлем құрау.

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік Нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі.	3мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау.	5 мин	Себеп бағыныңқы сабақтас сөйлем туралы сұрау.
III.	Жаңа сабақты түсіндіру.	25мин	Басыңқы сөйлем білдіретін ой бағыныңқыда айтылған ойға немесе бағыныңқыдағы ой басыңқыдағы ойға қарсы қойыла айтылатын сабақтастың түрін қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем дейміз. Қарсылықты бағыныңқылы сөйлем қайтсе де? не істесе де? қайткенмен? не еткенмен? деген сұрақтарға жауап береді. Қарсылықты бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады: а) шартты райлы етістікке да, де шылауы тіркесінен болады. <i>Мен қаниша тесіле қарасам да, Маржан мендегі өзгерісті көре алмады.</i>

IV.	Сабақты бекіту.	12 мин	<p>ә) болымсыз тұлғадағы етістіктің шартты райынан болады. <i>Қардың борағаны әлгідек басылды демесең, аяз өз қалтында тұр.</i></p> <p>б) көмектес септік тұлғасындағы есімшеден: <i>Атыраптың күні ыстық болғанмен, түні салқын.</i></p> <p>в) –ша, -ше тұлғалы есімшеден болады. <i>Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын.</i></p> <p>Тапсырмалар мен жаттығуларды орындап, мәтінді аудару. Лексикалық материалды түсіндіру. Заң терминдерін жазу.</p> <p>Жалпылама сұрақтар қою арқылы сабақты қорытындылау.</p>
V.	Үй тапсырмасын беру.	2 мин	<p>Жаттығу жұмыстары. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді тап. «Заңгерлерге арналған қазақ тілі». Қ-2010. «Тінту жүргізу қаулысын» үлгі бойынша толтыру. «Лексикалық мәтіндер жинағы» (ПО қызметіне қажетті қылмыстық іс жүргізу құжат үлгілері). Қ-2009.</p>
VI.	Тыңдаушылардың білімін бағалау.	3 мин	<p>Тыңдаушыларды сұралған және жаңа өтілген сабақтар да көрсеткен белсенділіктері үшін білімдерін бағалау.</p>

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушылардың сабақты түсініп, толық қабылдауын қадағалау, тапсырмаларды орындауды тексеру.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, заң терминдері сөздігі, мәтіндер жинағы, «Тінту жүргізу қаулысының» үлгісі

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мәтін аудару, Заң терминдерін жазу, сөздік жұмысы, сөйлемдер құрау.

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 16-сабақ. Аралас құрмалас сөйлем

**Сабақ түрі.** Тәжірибелік

**Уақыты.** 50 минут

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Тыңдаушыларға қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді құру жолдарын түсіндіре отырып, күрделі әрі жүйелі сөйлеуге, сауаттылыққа үйрету. Тақырыпты меңгерту, тапсырмаларды орындау барысында тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа үйрету, дұрыс сөйлеу дағды – біліктерін дамыту.

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі	3мин	Тыңдаушыларды түгендеп, сабақ барысына дайындау
II.	Үй тапсырмасын сұрау	5 мин	Себеп бағыныңқы сабақтас сөйлем туралы сұрау.
III.	Жаңа сабақты түсіндіру	25 мин	Салалас пен сабақтас сөйлемдердің ерекшеліктерін қамтитын сөйлемді <b>аралас құрмалас</b> дейміз. Аралас құрмаластың құрамында ең кемі үш сөйлем болып, біреуі бағыныңқы, екеуі басыңқы болады. Олар екі түрлі орналасады: <i>бағыныңқы – басыңқы – басыңқы</i> <i>Әкем арбасын жөндеп, шешем көжесін қайнатып жатыр еді, он шақты салт атты сау ете түсті.</i> <i>Басыңқы – бағыныңқы – басыңқы</i> <i>Онда мен бір тәтті шай даярлай қояйын, соны ішкеннен кейін, бәрі де жазылады.</i> Аралас құрмалас төрт құрамды, бес құрамды, тіпті одан да көп құрамды болып келе береді. Мұндай құрамды араласта бағыныңқы сөйлем біреу болмай, бірнеше болуы да мүмкін.

			<p>Аралас құрмаластың өзіне тән тыныс белгісі жоқ. Аралас құрмалас сөйлемдердің жігіне негізінде салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдерге тән тыныс белгілері қойылады. Мұнда көбінесе үтір, қос нүкте, сызықша, үтір мен сызықша, нүктелі үтір қатысады. Нүктелі үтір аралас құрмаластың көп құрамды түріне тән.</p> <p><i>Тек есіңнен шығарма: сенің қабағың жабылса, менің көңілім жабырқау; сенің қабағың ашылса, менің көңілім жайлау.</i></p> <p>Бұл бес құрамды араластың бірінші басыңқы сөйлемі соңғы құрамдардың бәрімен іліктес байланысқандықтан, соңынан қос нүкте қойылып тұр да, өзара шарт мәнінде сабақтаса байланысқан әр топтың арасына нүктелі үтір қойылған, демек, іліктестік мағына өзара сабақтаса байланысқан бірінші топты ғана емес, екінші топты да қамтиды, соған да ортақ болады.</p> <p>Тапсырмалар мен жаттығуларды орындау. Лексикалық материалды түсіндіру. Заң терминдерін жазу. «Қазақ тілі пәніне арналған жаттығулар жинағы». Қ.-2008.</p>
IV.	Сабақты бекіту	12 мин	<p>Жалпылама сұрақтар қою арқылы сабақты қорытындылау.</p>
V.	Үй тапсырмасын беру	2 мин	<p>Жаттығу жұмыстары. Аралас құрмалас сөйлемдерді тап.</p>
VI.	Бағалау	3 мин	<p>Тыңдаушыларды сұралған және жаңа өтілген сабақтар да көрсеткен белсенділіктері үшін білімдерін бағалау.</p>

## **II. Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тыңдаушылардың сабақты түсініп, толық қабылдауын қадағалау, тапсырмаларды орындауды тексеру.

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, заң терминдері сөздігі, мәтіндер жинағы, Зат алу хаттамасының үлгісі

## **IV. Тыңдаушыларға өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мәтін аудару, Заң терминдерін жазу, сөздік жұмысы, сөйлемдер құрау.

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы

**Ш.Ш.Жалмаханов**

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 17-сабақ. Төл сөз бен автор сөзі және төлеу сөз

**Сабақ түрі.** дәріс

**Уақыты.** 50 мин.

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Төл сөз бен автор сөзі және төлеу сөз жайында жалпы мағлұмат беру, ой-өрістерін тыңдау қабілеттерін дамыту, тілді сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**І.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I.	Ұйымдастыру кезеңі.	3 мин	Ұйымдастыру кезеңі.
II.	Ұй тапсырмасын сұрау	5 мин	Амандасып, тыңдаушы құрамын тексеріп, сабаққа әзірлеу.
III	Жаңа сабақты түсіндіру	25 мин	Сөйлеуші не жазушы өз сөзінің арасына басқаның да айтқанын келтіруі мүмкін. Басқаның айтқаны (не жазғаны) екі жолмен беріледі: егер сөйлеуші (автор) бөгде сөзді бұлжытпай сол қалпында келтірсе, ол <b>төл сөз</b> болады; олай етпей, автор бөгде сөзді өзінше өзгертіп, тек сөздің жалпы ой желісін, мазмұнын сақтаса, ол <b>төлеу сөз болады</b> . Мысалы, <i>Ертең тіл үйірмесінің кезекті мәжілісі болады. Сен қашан келдің?</i> – деген сияқты біреу айтқан бөгде сөздері автор өз сөзінің ішінде былай береді: Төл сөз <i>Үйірме бастығы дәрісханаға кіріп келіп:</i> - <i>Ертең тіл үйірмесінің мәжілісі болады,</i> - деп хабарлады. Ол менен: - <i>Сен қашан келдің?</i> – деп сұрады. Төлеу сөз <i>Үйірме бастығы дәрісханаға кіріп келіп, ертең тіл үйірмесінің</i>
	Төл сөз бен автор сөзі және төлеу сөз туралы жалпы түсінік		



			<p><i>мәжілісі болатындығын хабарлады. Ол менен қашан келгендігімді (не қашан келгендігім жөнінде) сұрады. Қазақ тілінде төл сөз бен автор сөзі де көмекші етістігі арқылы байланысады. Де көмекшісі автор сөзінің құрамына енеді, ол – етістіктің барлық рай, шақ, көсемше, есімше, етіс формаларында тұрады. Мысалы:</i></p> <p><i>1. Майбасар Абайдың жауабын ұнаттып тұрып:</i></p> <p><i>- Өзі тіпті көшелі кісі боп қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан, Абайға:</i></p> <p><i>- Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам, - деді (М.Ә.).</i></p>
ІҮ	Сабақты бекіту	12 мин	Жалпылама сұрақтар қою арқылы сабақты қорыту.
Ү	Жаттығу жұмыстары		533, 534 жаттығу жұмыстарын орындаңыз. Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқаев А. Қазақ тілі (практикалық курс). Алматы: 1993.
ҮІ	Үйге тапсырма	2 мин	Мәтіндер жинағы бойынша мәтінмен жұмыс жүргізіңіз. «Қазақ тілі пәніне арналған жаттығулар жинағы». Қ.-2008.
ҮІІ	Бағалау	3 мин	Белсенді тыңдаушыларды бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тапсырмалардың орындалуын қадағалау, тақырып бойынша жаттығулар орындау кезеңдерін бағалау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу- әдістемелік құралдары, «Зат алуды жүргізу туралы қаулының» үлгісі.

## **IV.Тыңдаушылар өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазу, мәтіндер оқу, «Зат алуды жүргізу туралы қаулының» үлгісі.

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж

**Тақырып түрі.** 18-сабақ. Әдеби тілдің стильдік тармақтары

**Сабақ түрі.** Дәріс

**Уақыты.** 50 мин.

**Орны:** оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Әдеби тілі және оның негіздері, бүгінгі таңдағы маңыздылығы жайында жалпы мағлұмат беру, ой-өрістерін тыңдау қабілеттерін дамыту, тілді сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, дұрыс жазу дағдысын дамыту.

**I. Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I	Ұйымдастыру кезеңі.	5 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасып, тыңдаушы құрамын тексеріп, сабаққа әзірлеу.
II	Жаңа сабақты түсіндіру  1.Қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтары	20 мин	Қазақ тіл білімінің Қазақ әдеби тілі тарихы деген бөлімі өз алдына ғылыми сала ретінде Қазан төңкерісінен кейін туды. Ал жазба әдебиетіміздің жасалу арналары 1) Ескі әдеби тіл (ақын, жыраулар тілі) 2) Қазан төңкерісіне дейінгі тіл. Қазақ әдеби тілі 7-8 ғасырдағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде кеңінен көрінген. Қазақ ауыз әдебиетіне – ертегілер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, аңыз әңгімелер, лиро-эпостық жырлар, батырлар жыры, тарихи жырлар жатады. Бұл әдебиет үлгілері ауыздан-ауызға тарап, кейіннен 18-19 ғасырларда қағаз бетіне түсірілді. Топты екі топшаға бөліп мақал-

III	Сабақты бекіту	10 мин	мәтелден сайыс ұйымдастыру. 1-тапсырма. Командаға ат қою. 1-топқа тіл, өнер, Отан жайлы мақал-мәтелдер жазғызу. 2-топқа төрт түлік мал, табиғат құбылыстары жайлы мақал-мәтелдер жазғызу.
IV	Өздік жұмыс Мұхтар Әуезовтың Көксерек әңгімесін талқылау, жазушының стилін талдау	7 мин	1) Мұхтар Әуезовтың Көксерек әңгімесін талқылау. 1- тапсырма. Әңгімені ауызша баяндау. Жазушының шығармашылығы мен өмір жолы. Фильм мен әңгіменің арасындағы айырмашылықтарды табу. Міржақып Дулатовтың шығармаларын оқып, стилін талдау.
V	Үйге тапсырма	2 мин	Фильм мен әңгіменің арасындағы айырмашылықтарды табу.
VI	Тыңдаушылардың білімін бағалау	3 мин	Міржақып Дулатовтың шығармаларын оқып, стилін талдау. Белсенді тыңдаушыларды бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тапсырмалардың орындалуын қадағалау, тақырып бойынша жаттығулар орындау кезеңдерін бағалау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу- әдістемелік құралдары, «Куәландыру хаттамасының» үлгісі

## **IV.Тыңдаушылар өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1. Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазу, көркем шығармаларды оқу
  - 2.Мәтіндер оқу
-

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 19-сабақ. Ауызекі сөйлеу стилі

**Сабақ түрі.** дәріс

**Уақыты.** 50 мин.

**Орны.** оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Ауызекі сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қарым-қатынаста пайдаланылу, ауызекі сөйлеу тілі стилі жайында жалпы мағлұмат беру, ой-өрістерін тыңдау қабілеттерін дамыту, тілді сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I	Ұйымдастыру кезеңі	5мин	Ұйымдастыру кезеңі.
II	Ауызекі сөйлеу стилі	20 мин	Амандасып, тыңдаушы құрамын тексеріп, сабаққа әзірлеу. Ауызекі сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қарым-қатынаста пайдаланылады. Ауызекі сөйлеу тілі стилінің басқа стильдік тармақтардан бірнеше өзіндік ерекшелігі бар: 1) негізгі мақсаты хабар беру, хабар алу, пікір білдіру, пікір алмасу, 2) сөйлесуде қамтылатын тақырыптар әр түрлі болып келеді. 3)сөйлемнің модальдық түрлерінің (хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты) барлығы қолданылады, 4) экспрессивті (әсерлі), эмоциональды (сезімдік), образды (бейнелі) және нейтралды (бейтарап) сөйлеу элементтерінің барлығы дерлік қамтылады., 5)лексикасында диалект, тұрпайы және варваризм сөздер де аралас болуы мүмкін.
III	Сабақты бекіту	10 мин	Жаттығулар жинағынан жаттығу

ІҮ	Жаттығу жұмыстары	7 мин	жұмыстарын орындау. «Қазақ тілі пәніне арналған жаттығулар жинағы». Қ.-2008.
Ү	Үйге тапсырма	3 мин	Мәтіндер жинағы бойынша мәтінмен жұмыс жүргізу.
ҮІ	Бағалау	5 мин	Белсенді тыңдаушыларды бағалау.

**II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тапсырмалардың орындалуын қадағалау, тақырып бойынша\_жаттығулар орындау кезеңдерін бағалау

**III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу- әдістемелік құралдары, «Мәйітті тануға беру хаттамасының» үлгісі.

**IV.Тыңдаушылар өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазу, мәтіндер оқу

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 20-сабақ. Ресми іс-қағаздар стилі

**Сабақ түрі.** дәріс

**Уақыты.** 50 мин.

**Орны.** оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Іс қағаздары стиліне түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілерін пайдалану, ресми іс-қағаздар тілі стилі жайында жалпы мағлұмат беру, ой-өрістерін тыңдау қабілеттерін дамыту, тілді сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**І.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I	Ұйымдастыру кезеңі.	5мин	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасып, тыңдаушы құрамын тексеріп, сабаққа әзірлеу.
II	Ресми іс-қағаздар стилі	20 мин	Іс қағаздары стиліне түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс қағаздары белгілі бір үлгі бойынша жазылады. Іс қағаздары формаларының әр түрлі үлгілері болады. Оған өтініш, сенім хат, қол хат, анықтама, мінездеме, шақыру билеті, хабарландыру, мәжіліс хаттамасы, қатынас қағазы, келісім шарт, акт, рапорт, мінездеме, бұйрық, есеп және т.б. жатады. Іс қағаздарының әрқайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Іс қағаздары, көбінесе, сол үлгі бойынша жазылады. Ресми стильдің іс қағаздарынан көлемі, мазмұны және жазылу формасы жағынан ерекшеліктері

III	Сабақты бекіту	12 мин	бар. Ресми қағаз белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіріліп, онда сөз қолданысымен ерекшеленеді. Оған заң, қаулы, жарлық, үкім, мұражай құжаттары, халықаралық шарт, нота, үкімет хабарлары жатады. Жалпылама сұрақтар қою арқылы сабақты бекіту.
IV	Жаттығу жұмыстары	7 мин	Жаттығулар жинағынан жаттығу жұмыстарын орындау. Мәтін бойынша жұмыс жүргізу.
V	Үйге тапсырма	3 мин	«Заңгерлерге арналған қазақ тілі». Қ-2010.
VI	Тыңдаушылардың білімін бағалау	3 мин	Ресми іс қағаз үлгілерін дайындау Белсенді тыңдаушыларды бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тапсырмалардың орындалуын қадағалау, тақырып бойынша\_жаттығулар орындау кезеңдерін бағалау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу- әдістемелік құралдары, «Зат алуды жүргізу туралы қаулының» үлгісі.

## **IV.Тыңдаушылар өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазу, мәтіндер оқу

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 21-сабақ. Қазақ әдеби тілі

**Сабақ түрі.** дәріс

**Уақыты.** 50 мин.

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Қазақ әдеби тілі және оның негіздері, бүгінгі таңдағы маңыздылығы жайында жалпы мағлұмат беру, ой-өрістерін тыңдау қабілеттерін дамыту, тілді сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I	Ұйымдастыру кезеңі.	5 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасып, тыңдаушы құрамын тексеріп, сабаққа әзірлеу.
II	1.Қазақ әдеби тілі	20 мин	Қазақ тіл білімінің Қазақ әдеби тілі тарихы деген бөлімі өз алдына ғылыми сала ретінде Қазан төңкерісінен кейін туды. Ал жазба әдебиетіміздің жасалу арналары 1) Ескі әдеби тіл (ақын, жыраулар тілі) 2) Қазан төңкерісіне дейінгі тіл. Қазақ әдеби тілі 7-8 ғасырдағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде кеңінен көрінген. Қазақ ауыз әдебиетіне – ертегілер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, аңыз әңгімелер, лиро-эпостық жырлар, батырлар жыры, тарихи жырлар жатады. Бұл әдебиет үлгілері ауыздан-ауызға тарап, кейіннен 18-19 ғасырларда қағаз бетіне түсірілді. Топты екі топшаға бөліп мақал-мәтелден сайыс ұйымдастыру.
III	Сабақты бекіту	20 мин	1-тапсырма. Командаға ат қою.



ІҮ	Үйге тапсырма	2 мин	1-топқа тіл, өнер, Отан жайлы мақал-мәтелдер жазғызу. 2-топқа төрт түлік мал, табиғат құбылыстары жайлы мақал-мәтелдер жазғызу.
Ү	Тыңдаушылардың білімін бағалау	3 мин	Заң терминдерін жаттау. Сәкен Сейфуллиннің Бандыны қуған Хамит әңгімесін оқып келу. Белсенді тыңдаушыларды бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тапсырмалардың орындалуын қадағалау, тақырып бойынша жаттығулар орындау кезеңдерін бағалау

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу- әдістемелік құралдары, «Фотосурет бойынша жеке адамды тануға беру хаттамасы» үлгісі.

## **IV.Тыңдаушылар өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазу Мәтіндер оқу

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 22-сабақ. Әдеби тілдің нормалары

**Сабақ түрі.** дәріс

**Уақыты.** 50 мин.

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Қазақ әдеби тілі және оның негіздері, бүгінгі таңдағы маңыздылығы жайында жалпы мағлұмат беру, ой-өрістерін тыңдау қабілеттерін дамыту, тілді сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I	Ұйымдастыру кезеңі	5мин	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасып, тыңдаушы құрамын тексеріп, сабаққа әзірлеу.
II	1.Қазақ әдеби тілінің нормалары	20мин	Қазақ тіл білімінің Қазақ әдеби тілі тарихы деген бөлімі өз алдына ғылыми сала ретінде Қазан төңкерісінен кейін туды. Ал жазба әдебиетіміздің жасалу арналары 1) Ескі әдеби тіл (ақын, жыраулар тілі) 2) Қазан төңкерісіне дейінгі тіл. Қазақ әдеби тілі 7-8 ғасырдағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде кеңінен көрінген. Қазақ ауыз әдебиетіне – ертегілер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, аңыз әңгімелер, лиро-эпостық жырлар, батырлар жыры, тарихи жырлар жатады. Бұл әдебиет үлгілері ауыздан-ауызға тарап, кейіннен 18-19 ғасырларда қағаз бетіне түсірілді. Топты екі топшаға бөліп мақал-мәтелден сайыс ұйымдастыру.

III	Сабақты бекіту	10мин	1-тапсырма.Командаға ат қою. 1-топқа тіл, өнер, Отан жайлы мақал-мәтелдер жазғызу. 2-топқа төрт түлік мал, табиғат құбылыстары жайлы мақал-мәтелдер жазғызу.
IV	Мұхтар Әуезовтың Көксерек әңгімесін талқылау (мәтін)	10 мин	2) Мұхтар Әуезовтың Көксерек әңгімесін талқылау. 1- тапсырма. Әңгімені ауызша баяндау. Жазушының шығармашылығы мен өмір жолы.
V	Үйге тапсырма	2 мин	Фильм мен әңгіменің арасындағы айырмашылықтарды табу. Жамбыл Жабаев туралы материалдарды оқып келу.
VI	Тыңдаушылардың білімін бағалау	3 мин	Белсенді тыңдаушыларды бағалау.

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тапсырмалардың орындалуын қадағалау, тақырып бойынша жаттығулар орындау кезеңдерін бағалау

## **III. Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу- әдістемелік құралдары, «Мүлікке тыйым салу туралы қаулының» үлгісі

## **IV.Тыңдаушылар өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазу, мәтіндер оқу

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 23-сабақ. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер

**Сабақ түрі.** дәріс

**Уақыты.** 50 мин.

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Шешендік өнер және оның негіздері, бүгінгі таңдағы маңыздылығы жайында жалпы мағлұмат беру, ой-өрістерін тыңдау қабілеттерін дамыту, тілді сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I	Ұйымдастыру кезеңі.	5мин	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасып, тыңдаушы құрамын тексеріп, сабаққа әзірлеу.
II	1.Шешендік өнер	20 мин	Қазақ шешендік сөздері бата-тілектен басталып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні шешендік сөздермен аяқталады. Мақалдап мысалдап айту-тапқырлық болып есептеледі. Әсіресе жер дауы, жесір дауы кезінде шешендік сөздер өз орнын ойып тұрып алған. Қаз дауысты Қазыбектің жоңғар хандығына барғанда айтқаны. Сен темір де, мен көмір, Еріткелі келгенмін, Екі еліктің баласын, Теліткелі келгенмін. Қазақ, қалмақ баласы, Табысқалы келгенмін. Деп аяқталады. Осындай ұтқыр сөздер мен біздің би-шешендеріміз тұтанғалы тұрған өрттің алдын алған. Шешендік өнерге Досбол би, Жиренше шешен, Қарашаш сұлу, Төле би, Марқасқа би, Керей Мәмбет

III	Сабақты бекіту	10мин	би, Жамансары батыр және Шоң би айтқан шешендік сөздер жатады. 1-тапсырма. Командаға ат қою. 1-топқа Тарихқа шолу.
IV	Қаратай хан мен Балағозы бидің шешендік сөздерін талқылау. (мәтін)	10 мин	2-топқа Қазыбек бидің сөздері Қаратай хан мен Балағозы бидің шешендік сөздерін талқылау. 1-тапсырма. Әңгімені ауызша баяндау. Қаратай бидің шығармашылығы мен өмір жолы.
V	Үйге тапсырма	2 мин	Екі бидің арасындағы айырмашылықтарды табу.
VI	Бағалау	3 мин	Белсенді тыңдаушыларды бағалау.

### **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тапсырмалардың орындалуын қадағалау, тақырып бойынша жаттығулар орындау кезеңдерін бағалау

### **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі /оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу- әдістемелік құралдар, «Мүлікті сақтау туралы қолхаттың» үлгісі

### **IV.Тыңдаушылар өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1.Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазу 2.Мәтіндерді оқу

---

**Қазақстан Республикасы ІІМ**  
**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**  
**Тілдік дайындық кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра бастығы \_\_\_\_\_

Ш.Ш.Жалмаханов

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

**Тақырып түрі.** 24-сабақ. Синтаксис саласынан өткенді қайталау

**Сабақ түрі.** дәріс

**Уақыты.** 50 мин.

**Орны.** Оқу аудиториясы

**Сабақ мақсаты:** Синтаксистің түрлерін, жасалу жолдарын қайталап, ой-өрістерін тыңдау қабілеттерін дамыту, тілді сүйеге, қадірлеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**I.Сабақтың жоспары**

Реттік нөмірі	Оқу сұрақтары	Уақыты	Сабақ жүргізудің әдісі мен реті, әрбір сабақ мәселесі бойынша техникалық оқу құралдарын пайдалану реті
I	Ұйымдастыру кезеңі.	5 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасып, тыңдаушы құрамын тексеріп, сабаққа әзірлеу.
II	1. Синтаксис саласынан өткенді қайталау	10 мин	Синтаксистің түрлерін, жасалу жолдарын қайталап, жаттығу жұмыстарын жүргізу, мәтіндермен жұмыс жүргізу
III.	Бақылау жұмысын жүргізу	20 мин	Таяуда Ақтөбе қаласындағы бір жеке мекеменің күзетшісі өзіне тал түсте шабуыл жасалғандығын полицияға хабарлаған. Олардың автокөлігінде түрлі қару-жарақ бар екенін тәртіп сақшыларына телефон арқылы мәлімдепті. Облыс орталығындағы жеке мекеменің маңына «Мерседес» автокөлігімен бейтаныс үш жігіт келіп, күзетшіден қақпаны ашуын талап еткен. Олар қақпаны ашпаған 32 жастағы күзетшіні ұрып-соғып, тапаншасымен атқан. Күзетшінің жанында болған әкесіне де күдіктілер оқ жаудырған. Болған жайтты көрген екінші күзетші полицияға жедел хабар берген. Шұғыл оқиға орнына жеткен полиция қызметкерлері үш күдіктіні құрықтады. Сезіктілерді тексеру кезінде газ-травматикалық және «ТТ» маркалы тапаншалары тәркіленді. Сондай-ақ, қолға түскен жігіттерден 7 патрон алынды. Қазір осы дерек бойынша тергеу амалдары жүргізілуде. Тәркіленген тапаншалар сараптамаға

V.	Бақылау жұмысы бойынша тапсырмалар	15 мин	<p>жіберілді.</p> <p>Ақтөбе қалалық ІІБ-на қарасты Зауыт полициясының криминалдық бөліміне облыс орталығындағы Шанхай ауданында тұратын 53 жастағы азаматтың қару-жарақ сақтайтыны жөнінде жедел ақпарат түскен. Аталмыш ақпараттың анық-қанығын полицейлер тексеріп, мәліметтің ақиқаттығына көз жеткізген. Ақтөбе қаласының маңындағы гараж кооперативтерінің бірінде тұрған 53 жастағы азаматқа тиесілі «Опель Омега» автокөлігінің жүксалғышынан тапанша, қолдан жасалған шолақ мылтық, 225 патрон, 3 дыбыс шығармайтын қарудың құрал-жабдығы және жеті Ф-1 гранаты тәркіленді. Қазір осы дерек бойынша заңсыз қару-жарақ сақтағаны үшін 53 жастағы күдіктінің үстінен қылмыстық іс қозғалып, тәркіленген қарулардың қайдан алынғандығы анықталып жатыр.</p> <p>Тыңдаушыларды топтарға бөліп тапсырма беру.</p> <p>1 тапсырма. Автокөлік, мекеме, күзетші сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыз.</p> <p>2 тапсырма. 1,2,3 сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.</p> <p>3 тапсырма соңғы сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыз.</p>
----	------------------------------------	--------	---

## **II.Тыңдаушылардың білім деңгейін, іскерлігін, дағдысын бағалау және тексеру реті**

Тапсырмалардың орындалуын қадағалау, тақырып бойынша жаттығулар орындау кезеңдерін бағалау

## **III.Сабақтың материалдық қамтамасыз етілуі / оқу көрнекілік құралдар, анықтамалық материалдар, техникалық оқу құралдар т.б./**

Оқулықтар, оқу- әдістемелік құралдар, «Мүлікті сақтау туралы қолхаттың» үлгісі

## **IV.Тыңдаушылар өзіндік жұмыс үшін берілетін тапсырма және келесі сабаққа дайындау**

1.Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазу 2.Мәтіндерді оқу

---

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЗАҢ ИНСТИТУТЫ  
ТІЛДІК ДАЙЫНДЫҚ КАФЕДРАСЫ

Қазақ тілі КТ 1.1 - 11.04

№ 5В030300 құқық қорғау қызметі

Қазақ тілі пәнінің оқу бағдарламасы

Қарағанды  
2016

---



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЗАҢ ИНСТИТУТЫ  
ТІЛДІК ДАЙЫНДЫҚ КАФЕДРАСЫ

Қазақ тілі КТ 1.1 - 11.04

№ 5B030300 құқық қорғау қызметі

Қазақ тілі пәнінен тәжірибелік сабақтардың жоспары

Тәжірибелік сабақ – 45 сағат

ТОӨЖ – 15 сағат

ТӨЖ – 75 сағат

Барлығы: 135 сағат

Қарағанды  
2016

---



